



POLISIA.KZ

1997 жылдан бастап шығады

№ 10 (317) қазан 2023





Жұртқа жақын полиция



МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ.....	4
ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!.....	5
ЕУРОПАЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ	6
ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ.....	8
БІРТУАР.....	10
АНТҚА АДАЛДЫҚ – АРДЫҢ ІСІ.....	15
ЗВЕЗДНЫЙ ПУТЬ КЕМЕЛЯ ТОКАЕВА.....	16
«ӘСКЕРИ САЛАҒА ЖАҚЫНДЫҚ ҚАНЫМЫЗДА БАР».....	18
САУСАҚТЫҢ СЫРЫ: ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ТІРКЕУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	22
ИСПЫТАНИЕ ВЫСОТОЙ.....	24
ПУТЬ, ДОСТОЙНЫЙ ПОДРАЖАНИЯ.....	30
КӨШ БАСТАҒАН «КӨКШЕ САҚШЫЛАРЫ».....	32
ТРЕТЬ ВЕКА НА ОПЕРАТИВНОЙ СЛУЖБЕ.....	34
ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТЫНЫШЫТЫҒЫ ҮШІН ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ЖАЛҒАСАДЫ.....	36
ХОРОШИЙ СПЕЦИАЛИСТ – ГАРАНТ КАЧЕСТВА	40
ИЗОТЕРАПИЯ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ӘДІСІ.....	54
ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ.....	56



ҚҰРЫЛТАЙШЫ/УЧРЕДИТЕЛЬ:

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

МЕНШІК ИЕСІ/СОБСТВЕННИК:

«Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
ТОО «Медиа-центр органов внутренних дел
Республики Казахстан»

Бас директор/Генеральный директор
Лаура ЖАКУПОВА

Бас редактор/Главный редактор
Бақытгүл АБАЙ

Шеф-редактор/Шеф-редактор
Гүлжанат ЖУБАНИЯЗОВА

Жауапты хатшы/Ответственный секретарь
Айнур ЖЫЛКЫШИНОВА

Дизайн және бет қаттау/Дизайн и верстка
Бұлғын КЕЛЕСҚЫЗЫ

Корректорлар/Корректоры
Айша УТЕПАЛИҚЫЗЫ
Марат САРСЕНБАЕВ

Фототілші/Фотокорреспондент
Медет АШІРБЕКОВ

Мекенжайымыз:

010000, Астана қ, Майлин к, 4/1
8-7172-37-88-24 (ішкі нөмір 112)

Наш адрес:

010000, г. Астана, ул. Майлина, 4/1
8-7172-37-88-24 (вн. 112)

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес.
Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді.
Редакцияның келісімінсіз материалдарды
көшіріп басуға тыйым салынады.
«Даму-Астана» мүгедектер ұйымы"
ЖШС-де басылып шықты.
Астана қ., Көкарал көш., 2/1
Индексі: 75744
Таралымы: 6397 дана. Шыққан күні: 25.10.2023

Мнение авторов необязательно отражает точку зрения редакции.
Литературные рукописи не рецензируются и не возвращаются.
Редакция рассматривает письма, не вступая в переписку.
За достоверность предоставленных материалов
ответственность несет автор.
Перепечатка без согласования с редакцией запрещена.
Отпечатано ТОО «Организация инвалидов
«Даму-Астана»
г.Астана, ул. Коккарал, 2/1
Индекс: 75744
Тираж: 6397 экз. Дата выхода: 25.10.2023



ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Ішкі істер министрі Ержан Саденовті қабылдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді. Көшелердегі қауіпсіздік деңгейінің артқаны атап өтілді.

Президентке құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ержан Саденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатталып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасы жойылған. Сонымен қатар Президентке Қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.



Құрмет пен ізгілік мерекесі құтты болсын!

Құрметті соғыс және еңбек, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның ардагерлері, аға буын өкілдері!

Ішкі істер министрлігінің, Қазақстандық ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлері кеңесінің атынан және өз атымнан сіздерді Халықаралық Қарттар күнімен құттықтаймын!

Бұл күн сіздердің көп жылғы қажырлы еңбектеріңіз, даналықтарыңыз бен жас ұрпақпен бөліскен тәжірибелеріңізді пайымдау және алғыс айту үшін атап өтіледі.

Сіздер біздің қоғамның ажырамас бөлігісіздер және сіздердің ықпалдарыңыз бен қолдауларыңыз өте жоғары бағаланады. Өмірлік жетістіктеріңіз бен қоғамға қосқан үлестеріңіз терең құрмет пен таңдануға лайық.

Үлкен ерік-жігермен және сарқылмас қайратқа ие болып, жастарға жарқын үлгі болып келесіздер. Көпшілігіңіз жастарыңызға қарамастан еңбек етіп, қоғамдық жұмыстарға араласып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге атсалысып жүрсіздер.

Шын жүректен сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, бейбітшілік пен бақ-береке тілеймін! Әрбір күндеріңіз махаббат пен жылулыққа толы болсын!

Ізгі ниетпен,
Ержан САДЕНОВ,
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі,
полиция генерал-лейтенанты

ЕУРОПАЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Қазақстанның ІІМ басшысы еуропалық әріптестерімен кездесті

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Саденов бастаған делегация жұмыс сапарымен Бельгияға, Данияға және Германия Федеративтік Республикасына барды.

Брюссельде қазақстандық тарап Бельгияның Ішкі істер министрі Аннелис Верлинденмен және Еуропалық Көші-қон және Ішкі істер комиссиясы бас директораты бас директорының орынбасары Йоханнес Лухнермен кездесу өткізді.

Сонымен қатар Данияның иммиграция және интеграция министрі Кааре Дибвад Бекпен және Германияның Федералды Ішкі істер және Отан министрлігінің мемлекеттік хатшысы Махмұт Өздемирмен кездесті. Кездесулер барысында көші-қон саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері, сондай-ақ Қазақстан азаматтары үшін визалық режимді оңайлату мүмкіндіктері талқыланды. Ұйымдасқан қылмысқа, оның ішінде адам саудасы мен есірткінің заңсыз айналымына, сондай-ақ интернет-

алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары қаралды.

Тараптар қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыру үшін тығыз ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу бойынша келісімге келді. Кездесулер достық ахуалда және толық өзара түсіністік жағдайында өтті, сындарлы диалог құрылды.

Айта кетейік, қазақстандық полиция терең трансформация процесінде және бұл үшін ІІМ құқық қорғау органдары адамға бағдарланған басқа елдердің озық тәжірибесін зерттеп жатыр.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК



В центре внимания – детская безопасность

В Министерстве внутренних дел прошла встреча Уполномоченного по правам ребенка в РК Динары Закиевой, заместителя министра генерал-лейтенанта полиции Игоря Лепехи и представителей Комитета административной полиции. На встрече приняли онлайн-участие все участковые инспекторы полиции и инспекторы по делам несовершеннолетних из регионов.

Напомним: Главой государства было поручено принять все меры для повышения уровня правовой грамотности и формирования культуры поведения несовершеннолетних. Для этого МВД разработан алгоритм действий на сообщения по фактам насилия в отношении детей со стороны родителей, опекунов, отчимов, сожителей и других близких родственников, проживающих совместно.

– За каждой школой закреплены участковые инспектора полиции, инспектора по делам несовершеннолетних и оперуполномоченные криминальной полиции. Всего более 6,5 тысяч сотрудников. Ими ведется воспитательная и профилактическая работа как в стенах школ, так и по месту жительства, в том числе с родителями, – сообщил Игорь Лепеха.

Также отметил, что значительная работа по предупреждению насилия в отношении детей, совершенствованию законодательства в сфере защиты прав ребенка проводится Уполномоченным по правам ребенка в РК.

– По вашему предложению в регионах при районных акиматах созданы



межведомственные мобильные группы. Ими уже проведен обход более 28 тысяч семей, проживающих с детьми, из которых более 5,7 тысяч семей, проживающих с отчимами, в которых воспитываются более девяти тысяч детей. Выявлено и поставлено на профилактический учет более 1,5 тысяч родителей, не исполняющих обязанностей по воспитанию детей, – добавил замминистра.

Динаре Закиевой рассказали об алгоритме действий полицейских на сообщения по фактам насилия в отношении детей. Первое: по каждому факту сообщения о совершении насилия со стороны родителей, опекунов, отчимов, сожителей и других близких родственников, проживающих совместно незамедлительно письменно сообщать в органы опеки и попечительства и ставить в известность Межведомственные мобильные группы оперативного реагирования при акиматах районов. Второе: посетить по месту жительства ребенка, визуально осмотреть квартиру (дом), обратить внимание на санитарное состояние. Третье: изучить состояние, поведение ребенка в доме (замкнутость, пугливость, мимика), его физическое состояние (видимые телесные повреждения, синяки, раны, болезнь). Четвертое: обратить внимание на лиц, проживающих совместно (родные братья, сестры и др.), других родственников (старшие двоюродные братья, дяди и др.), иных лиц (сожитель матери, посторонние) на предмет злоупотребления алкоголем, употре-

бления наркотиков, судимость и т.п. Пятое: обеспечить полноту материала (опрос членов семьи, соседей, при наличии свидетелей, очевидцев, если факт был в общественном месте установить наличие видеонаблюдения, изъять видеозаписи и принять другие меры). Шестое: при наличии признаков уголовно-наказуемого деяния незамедлительно обеспечить регистрацию в ЕРДР. Седьмое: по каждому факту сообщения, даже в случае не подтверждения информации, проводить профилактические беседы с родителями (опекунами, отчимами, сожителями и другими близкими родственниками), с лицами на которых поступил сигнал о совершении насилия в отношении ребенка, о недопущении противоправных действий в отношении ребенка, разъяснить уголовную и административную ответственность.

В МВД отметили, с начала года свыше 3,7 тысяч подростков за безнадзорность и беспризорность доставлены в Центры адаптации несовершеннолетних. В основном, подростки задерживаются за нахождение вне жилых помещений и в развлекательных заведениях в ночное время без сопровождения законных представителей. За это к адмответственности привлечено более 72 тысяч родителей. Более 1,2 тысяч владельцев развлекательных заведений привлечены за допущение нахождения несовершеннолетних в заведениях в ночное время.

Фарица МУХАМЕТГАЛИ



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ - ұрпаққа өнеге

Өткен жылы Республика күні қайта оралды. Парламент депутаттары «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке ретінде қайта атап өтілетін болды. Ал 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні болып қала берді.

Қайта жаңғырған мереке туралы былтыр маусым айында Ұлытау өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеген еді.

– Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы

25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Республика күнін қайтарудың зор мәнге ие екенін айта келе, бұл күннің елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керектігіне тоқталған болатын.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ ТАРИХЫ ХАҚЫНДА

Республика күнінің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан басталады. 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болатын.

Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы,

қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Осы декларацияның арқасында ҚазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік пен ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды. Ал Президент елдің басшысына айналды.

Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандардың заң бойынша жазаланатыны ескертілді. Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні жарияланған болатын.

1990 жылғы Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды.

2008 жылы Қазақстанның Ресейдегі сол кездегі елшісі Нұртай Абықаев «Российская газета» басылымына берген сұхбатында:

– Бұл шынымен де менің елімнің барлық азаматы үшін ұлы күн. 18 жыл бұрын, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан алғаш рет өзін жеке дүниетанымы, әдет-ғұрыптары, дәстүрі және өзінің болашақ дамуының көрінісі бар республика ретінде жариялады, – деп жазған екен.

Сондай-ақ құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланды. Қазақ КСР өзінің ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал Президент ел басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды

тоқтата алдық және өзіміздің заңдарымызды жасай бастадық. Осы қағидалар негізінде кейінірек 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАЛАЙ ҰМЫТ БОЛДЫ?

Көптеген сарапшылар бұл декларация Қазақстанның емес, Қазақ КСР-нің егемендігін жариялады деп есептеген болатын. Онда адамдар КСРО азаматтығын сақтай алатыны атап көрсетілді. Яғни, Қазақстанның халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігіне кепілдік бермеді. Ел КСРО-дан шығуға құқығы болса да, оның құрамында болды.

Қазақстан «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заң қабылданғаннан кейін ғана әлемдік қоғамдастық мойындаған тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Республика күні мемлекеттік емес, ұлттық мерекеге айналады. Ұлттық мерекелер кезінде мемлекеттік органдарда міндетті түрде ресми іс-шаралар өткізіледі, өйткені олар ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттігіміздің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалармен байланысты.

Керісінше, Тәуелсіздік күнін мемлекеттік күн етуді жоспарлап отыр. Бұл әлеуметтік және саяси мәні бар оқиғаларға арналған даталар. Оларды мерекелеу ресми іс-шаралармен қатар жүруі мүмкін.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда аталып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет ұлттық мереке болып жарияланды. Алайда 2001 жылы бұл мәртебеден айырылып, мемлекеттік мереке санатына өтті. Ал 2009 жылы сәуірде мерекелер қатарынан мүлде алынып тасталды.

Осылайша он жылдан астам уақыт бойы 25 қазан – Республика күні тойланбаған еді.



ОТАН

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,
Қорғамасақ, несін ұл боп туғанбыз?!
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,
Ит көйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Туған жұртқа тірек болу ерге сын,
Құлдықты енді Құдай басқа бермесін.
Атаң өлсе, өзің ата боларсың,
Ешқашанда Отан өле көрмесін!

Әкең өлсе, шешең өлсе жыларсың,
Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың.
Отан өлсе, опырылып түскенің,
Күңіреніп көрге бірге құларсың.

Біздің Отан өліп, қайта тірілген,
Біздің Байрақ құлап, қайта тігілген.
Опат болған ерлер рухы оянар,
Отан деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы Күн егіз,
Екеуінің амандығын тілеңіз.
Жас азамат, бұл Отанның қадірін,
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

Керек қылса, жолында оның
құрбанбыз,
Бәріне де белді бекем бұғанбыз.
Бір кеудеге екі жүрек сыймайды,
Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз!

Несіпбек Айтұлы

БІРТУАР



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институтына 2001 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен оның алғашқы басшысы және негізін қалаушы, Ұлы Отан соғысының ардагері, құқық профессоры, әділет генерал-майоры, Қазақстан Республикасы Заң ғылымдары қоғамдық академиясының вице-президенті Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтің есімі берілді. Содан бері Ішкі істер министрлігінің бұрынғы Қарағанды жоғары милиция мектебі, кейін соның негізінде құрылған Қарағанды заң институты «Ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Заң академиясы» деп аталады. Бүгінгі күні академия – еліміздегі ең беделді жоғары оқу орындарының бірі.

Студенттік кездегі ұлағатты ұстазы Салық Зиманов кезінде шәкірті туралы «Бәрімбек Бейсенов өз ісін төменнен бастады және ішкі істер офицерлерінің тамаша жоғары мектебін жасақтады. Қазір ол біздің республикамыздың жоғары мектебінің мақтанышы саналады» деп баға берді. Қарағанды жоғары милиция мектебі



сол тұста Одақ бойынша құрылған үшінші мектеп еді. Ол жоғары милиция мектебінің құрылыс кешенін алғашқы қазығынан бастап көтерді. Сол кезде Қарағанды бүкіл Кеңес Одағының ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлады. Оқуға түсуге ықыласты жастар шалғайдан келді. Білген жанға Б.Бейсенов туған елі Қазақстанның ғана емес, бауырлас Қырғызстанның да жоғары полициялық білімінің негізін қалаушы деп есептеледі.

АКАДЕМИЯНЫҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУШЫ

Қарағанды академиясы тарихында ойып тұрып орнын алған Бәрімбек Бейсеновтің жүріп өткен өмір деректеріне тоқталып өткенді жөн көрдім.

Бәрімбектің әкесі Сәрсен Ақмола-да Сәкен Сейфуллинмен бірге оқыған. Әкесі революцияның алғашқы жылдарында Қарағанды маңында сот болып істеген. Ата-әжесінің тәрбиесінде болған Бәрімбек комсомолға өтем деп жасын көтеріп жазып, соғысқа сұранып кетеді. Ұлы Отан соғысының отты

жылдарында 1-Украин майданы 70-ші бригадасының құрамында барлаушы болады. Жеңісті 9 мамырда Прагада қарсы алады. Ұлы Отан соғыс жылдарындағы жауынгерлік ерліктері үшін 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Праганы азат еткені үшін», «1941-1945 жылдарында Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және басқа да медальдармен марапатталған. Майданнан аман-есен оралған Бәрімбек Сәрсенұлы Алматыдағы заң институтына оқуға түседі. 1952 жылы институтты бітіріп, Алматы қалалық прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші, прокурордың көмекшісі болып істейді.

1957 жылы Бәрімбек Сәрсенұлы Қазақстан Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына түседі. Ғылыми жетекшісі болып заң ғылымының білгірі, қарт профессор К.Я.Булатов бекітіліп, диссертацияны сәтті қорғап шығады.

Заң ғылымдарының кандидаты атанған ол Ішкі істер министрлігінің Мәскеу жоғары милиция мек-

тебінің Алматыдағы филиалында төрт жыл дәріс береді. Ал 1964 жылы Б.Бейсеновті еліміздегі іргелі оқу орны – Қазақ университетіне проректор қызметіне шақырады. Жоғары оқу орнында заң мен құқық тақырыбына өзекті дүниелер жазады.

1969 жылы Бәрімбек Бейсенов КСРО Ішкі істер министрлігі Мәскеу жоғары Милиция мектебінің Алматыдағы факультетінің бастығына тағайындалып, оған Ішкі істер полковнигі деген атақ беріледі. Дәл осы жылы еңбекқор, білім мен ғылымдағы ізденіспен жүрген табанды азаматты таныған Мәскеудегі билік Бәрімбек Сәрсенұлына Қарағанды қаласында жоғары заңгерлік білім беретін, милиция кадрларын даярлайтын алғашқы оқу орталығын ашуды жүктейді. Сөйтіп 1969 жылы КСРО Министрлігі Кеңесінің 10 қазандағы №807-279 қаулысымен КСРО ІІМ Мәскеу жоғары милиция мектебінің Алматыдағы күндізгі-сырттай оқыту факультетінің негізінде Қарағанды жоғары мектебі ашылады.

Оқу орнының бастығы болып





тағайындалған өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Кеңес Одағында коммунистік идеология кеңінен өрістеп тұрған кез еді. Бүкіл Орта Азия өңіріне әйгілі милиция мектебін ашу – екінші бірінің қолынан келе бермейтін жауапты іс. Міне, осындай сын сәтте Бәрімбек Бейсенов білім беру жағын замана талабына сай бейімдеп қана қоймай, оқу орны ғимараттары құрылыстарының да қарқынды жүруіне бар күш-жігерін аямады. Білім ордасына Алматыдан, Мәскеуден, тағы басқа жерлерден білікті оқытушы-профессорларды тартты. Сонымен қатар Қарағанды мемлекеттік университетінде жаңадан ашылған заң факультетіне оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтармен көмектесті.

Өмірінің соңына дейін қоғамдық және мемлекеттік қызметке белсенді араласты. Ол КСРО Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері, қылмыстық құқық және қылмыстық процесс кафедрасының профессоры болды. Мәскеу Олимпиадасында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мінсіз қызметі үшін «Халықтар достығы» орденімен марапатталып, «КСРО ІІМ еңбек сіңірген қызметкері» атағына ие болды.

Біртуар тұлға – көптеген монографиялардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Ол ҚР Жоғарғы соты, Конституциялық соты, Бас прокуратура, ІІМ ғылыми-консультациялық кеңесінің, Жоғарғы Кеңестің қылмыстық кодекс жасау жөніндегі комиссияның мүшесі болып, елімізде құқықтық мемлекет құруға орасан зор еңбек сіңірді.

Бәрімбек Сәрсенұлы Қарағанды мектебін 16 жыл басқарып, 1985 жылы зейнетке шығады. Өмірінің соңына дейін Ішкі істер министрлігінің Алматыдағы жоғары тергеу мектебінде дәрістер оқиды. Ұлағатты ұстаздың соңында қаншама шәкірттері қалды?!

Ең маңыздысы, Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясын қалдырды.

ТАҒЗИМ

Қыркүйек айының 22-23 күндері Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы ака-



демияда осы оқу орнының іргесін қалаған генерал-майор Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтің туғанына 100 жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өтіп, соңында қалған игілікті істеріне тағзым етті.

Академия басшылығы кейінгі ұрпаққа өнеге болу үшін генерал-майор Бәрімбек Бейсеновтің туғанына 100 толуы қарсаңында ол туралы мол материал жинақтап, өмірі мен қызметін насихаттаған кітап басып шығарды. Көлемді әрі мазмұнды кітапқа еліміз бен алыс-жақын шет елдердің ішкі істер органдары мен мемлекеттік заң шығарушы органдарында қызмет атқарған, әлі де атқарып жүрген белгілі тұлғалардың, ардагерлердің, академия түлектерінің Бәрімбек Сәрсенұлы жөніндегі естеліктері жинақталды.

Мерейтойдың алғашқы күні арнайы жасалған бағдарламаға сәйкес Бәрімбек Бейсеновтің 100 жылдығына арналған «ІІО қызметкерлерін даярлау: мұра, тәжірибе және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияда ведомстволық білім берудің тарихы мен болашағы; білім алушылармен тәрбие және идеологиялық жұмыс; қазіргі жағдайда арнайы жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесін жетілдіру; жалпы заңгерлік және арнайы пәндерді оқытудың заманауи тәсілдері тақырыбында мәселелер қарастырылды. Конференцияда арнайы қонақ ретінде шақырылған әрісі Сауд Арабиясы, Үндістан, берісі Украина, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдары бүгінгі күннің өзекті тақырыптарын қозғап, өз

ойларын көпшіліктің талқысына салды. Кеш қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізілді. Шетел қонақтары үшін алдын ала құлаққап таратылып, үш тілде ілеспе аудармалар жасалып отырды.

Форумды Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция генерал-майоры Ақынқали Дәуітбайұлы Дәрменов ашты. Одан кейін Сауд Арабиясы Корольдігінен арнайы келген Король Фахд Қауіпсіздік колледжі бас директорының орынбасары, генерал-майор Dr. Khaled Saad Alsarhani, Раштрия Ракша университетінің халықаралық ынтымақтастық, қауіпсіздік және стратегиялық тілдер мектебінің директоры (Үндістан) Dr. Venkatheshwaran Loganathan, Ресей ІІМ В.Я.Кикотя атындағы Мәскеу университетінің бастығы, полиция генерал-лейтенанты Калининченко Игорь Александрович, Беларусь Республикасының ІІМ академиясының бастығы, милиция генерал-майоры Васильев Александр Павлович, Өзбекстан Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік университетінің бастығы, полиция полковнигі Рустамбаев Мирзаясуп Хакимович, Қырғыз Республикасы ІІМ милиция генерал-майоры, Е.Әлиев атындағы академияның бастығы, милиция генерал-майоры Абитов Тариель Таштанович құттықтау сөз сөйледі. Алыстан арнайы келген қадірлі қонақтарға мерейтой иесіне арнап шығарылған мерекелік төсбелгі мен кітап тапсырылды. Олар да өз елдерінен әкелген сый-сияпатын академия бастығына табыстады.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі, Құқық қорғау органдары академиясының құрметті профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкері Бақыт Молдатияұлы, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясының құрметті ректоры, КазГЮУ-дің құрметті ректоры, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі кеңесінің төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Марат Қоғамов, «Астана» халықаралық университетінің қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процессуальдық проблемаларды зерттеу жөніндегі институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Борчашвили Исидор Шамилович, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Оңғарбаев, Қазақстан Республикасы Заңнама

және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер жөніндегі қадағалау сот алқасының бас кеңесшісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры Арстан Ахпанов сияқты елге танымал отандық ғалымдар тұшымды баяндама жасады.

Екінші күні академия аумағында қонақтардың қатысуымен Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің ашылуы туралы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы басылған тас белгі – ескерткіштің ашылу салтанаты болып өтті. Сонымен қатар Заң ғылымының дамуына және Қазақстан полициясы қызметінің қалыптасуына үлес қосқан көрнекті тұлғалар – А.Тұмарбековтің, Р. Қайдаровтың, К. Мұқашевтің атындағы аудиториялары ашылды. Сол күні академияның кітапханасы академияның дамуына көп жылдарын арнап, үлкен үлесін қосқан ЖОО-ның бұрынғы басшысы Жан Кенжетәевтің есімімен аталды. Осы мерекелік іс-шара аясында 1-курс курсанттары ІЮ-ның антын қабылдады. Іс-шараға Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов, өңірдің күш құрылымдарының басшылары, шет елдерден келген делегациялар мен ЖОО-ның басшылары қатысты. Ант қабылдау рәсімінен кейін министрдің бірінші орынбасары Марат Қожаев бірінші курс курсанттарына еңбекқорлық пен оқуда табыс, ІІМ



Қарағанды академиясының курсанты атағын абыроймен алып жүруді тіледі. Аталмыш оқу орны білім ошағының іргесін қалаған тарихи тұлғаның рухын көптің есінде қалатындай етіп, жоғары деңгейде атап өтті. Форумда баяндама жасаған Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкері Бақыт

Молдатияұлы «Аты аңызға айналған Бәрімбек Сәрсенұлы құрған жоғары оқу орнының даңқты тарихын мақтан тұтамыз» деп баға беріп, біртуар азаматтың жасап кеткен жасампаз ісін жарқыратып жіберді.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
Халықаралық «Мәдениет
майталманы» медалінің иегері



Антқа адалдық – ардың ісі

Ішкі істер министрлігі М.Есболатов атындағы Алматы академиясының биыл оқуға түскен курсанттары салтанатты түрде ант қабылдады.

Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясында арадағы біраз жылғы үзілістерден кейін алғаш рет бакалавриат бағдарламасы бойынша 300 курсант оқуға қабылданған болатын. Олар қазіргі заман талабына сай мамандықтар – киберқауіпсіздік, IT-криминалистикалық қамтамасыз ету мамандықтарын алып шығады.

– Құрметті курсанттар, сендер бүгін ант қабылдай отырып, ішкі істер органдарының қатаң да жауапты жұмысында асқан жауаптылық танытуға міндеттеме алдыңдар. Енді сендер қандай жауапты, қандай қиын кезеңге тап болсаңдар да, қабылдаған антың әрбір сөзін абыроймен орындауға, адал болуға міндеттісіңдер. Мен сендерді академия қабырғасынан сапалы білім алып, болашақта Қазақстан полициясының биік беделі мен жарқын болашағы үшін жемісті еңбек етеді деп сенемін, – деді өзінің құттықтау сөзінде академия басшысы, полиция генерал-майоры А. Сайтбеков.

Курсанттардан антты Қазақстан Республикасы ІІМ Криминалдық полиция департаментінің бастығы,



полиция полковнигі А. Рысбаев, генерал-лейтенант Б.Сәрсекөв, генерал-лейтенант Б.Ертаев, Алматы қаласы ПД бастығы, полиция генерал-майоры А. Заппаров, генерал-майор Ж.Кенжетәев, генерал-майор М.Нүкенов, генерал-майор С.Күсетов қабылдап, курсанттарға арнап құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ курсанттардан ант қабылдау рәсіміне Қылмыстық-іздестіру қызметінің аңыз адамы атанған полковник Ғабдрахим Меңдешов және ардагерлер, ерлікпен қаза тапқан азаматтардың туыстары,

курсанттардың ата-аналары келді.

Академияда ант қабылдау салтанатынан кейін қонақтар детектив клубының ашылуына қатысты. Детектив клубының мақсаты – клуб мүшелерінің криминалистика, жауап алу әдістері, дәлелдемелерді жинау және талдау, қылмыстарды тергеу тактикасы туралы білімдерін арттыру. Сонымен қатар детектив клубының тағы бір мақсаты – клуб мүшелерінің арасында интеллектуалдық ойындар мен түрлі конкурстар, оқулар өткізу арқылы мамандардың тез ойлау өрісін дамыту. Детектив клубында әлемге танымал Артур Конан Дойл, Агата Кристи, Раймонд Чандлердің кітаптарымен қатар, Қазақстан, Америка және Ресейелдері жазушыларының детективтік шығармалары жинақталған. Солардың ішінде Қазақстан детективінің негізін салушы – Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ», «Маңызды тапсырма», «Жұмбақ із» сияқты кітаптары қойылды.

Детектив клубына академияның оқытушылары мен курсанттары қосыла алады. Бұл оларға детектив жанрындағы шығармалармен кеңінен танысып, ондағы оқиғаларды ашу әдістерінің қыр-сырына қанығуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ аталған клубта детектив жазатын жазушылармен кездесулер, пікір алмасулар ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ,
Алматы қаласы



ЗВЕЗДНЫЙ ПУТЬ КЕМЕЛЯ ТОКАЕВА

Голодное детство, детский дом, коллективизация, война, тяжелое ранение... Он пережил немало трудностей, но сумел сохранить человечность, достоинство, реализовать свой потенциал и стать известным писателем.



В школьные годы познакомился с творчеством Абая и искренне полюбил творение великого поэта и философа казахской степи. Впоследствии это сыграло большую роль в выборе профессии.

В семейном архиве Президент Касым-Жомарта Токаева хранятся табель успеваемости и характеристика, данная его отцу директором школы и классным руководителем. Он успешно окончил учебу в интернате: по всем предметам проставлены оценки «хорошо» и «отлично».

У Кемеля Токаева была мечта поступить в университет, но помешала война. По направлению отучился во Фрунзенском пехотном училище. Затем служил командиром отделения, воевал в составе Сталинградского фронта. До Берлина не дошел, был тяжело ранен при освобождении Польши.

С войны Кемель Токаев вернулся инвалидом, без образования и работы. Родственники убеждали его, что на работу и в институт инвалида не примут. Но он поставил себе цель поступить в КазГУ. В 1945 году для сдачи госэкзаменов в университет пришел в военной форме и на костылях. Члены комиссии, увидев его награды, спросили на русском языке: «На какой факультет хочешь поступить?». По-русски он знал плохо, но ответил: «Казахский». Был зачислен в казахскую группу филологического факультета на специаль-

ность «журналистика».

Позже он скажет сыну Касым-Жомарту, что поступление в КазГУ - одно из самых счастливых событий в его жизни. Учиться было трудно, но интересно. Преподаватели были сильные, лекции им читали ученые, писатели, журналисты. Кемель Токаев углубленно изучал русский язык, который был пропуском в творческие круги.

В 1948 году успешно окончил учебу и по распределению был направлен в редакцию областной газеты в Джамбул. Оттуда вернулся в Алматы в газету «Қазақстан пионері». Затем был назначен ее главным редактором.

Через год КемельТокаевич был избран членом ЦК комсомола республики. Его первая книга «Звездный поход» всецело была посвящена казахстанским пионерам.

День Победы для него был глав-

ным праздником. Вместе с сыном Касым-Жомартом они смотрели по телевизору военный парад.

В 1953-1958 годы Кемель Токаевич был литературным сотрудником газеты «Лениншіл жас» (ныне «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (ныне «Егемен Қазақстан»). Был главным редактором «Ведомостей» Верховного Совета Казахской ССР, литературным консультантом Союза писателей Казахстана.

Роман «Последний удар» вышел в свет в 1981 году. Литературные критики оценили его положительно, подчеркнув, что это настоящий детективный роман, один из немногих в казахской литературе. В нем описывается деятельность первого красного комиссара Семиречья Ораза Жандосова по организации убийства белогвардейского атамана. Работая в Сингапуре, Касым-Жомарт Кемелевич после прочтения романа написал отцу и похва-

лил его произведение. Кемель Токаев обрадовался за высокую оценку сыном его труда и подчеркнул в ответном письме, что в создание этого романа он вложил много сил. А из библиотеки Конгресса США обращались с просьбой отправить по несколько экземпляров книги.

В свободное время Кемель Токаев активно трудился в архивах КГБ и МВД, изучал уголовные дела, по крупицам собирал данные, необходимые сведения. Через три года посвятил милиции роман «Тасқын» («Поток»), который был тепло воспринят читателями Казахстана, Киргизии, Узбекистана, Монголии. За ним прочно закрепилось звание «основателя детективного жанра» в казахской литературе. За эту книгу Кемель Токаев был удостоен первой премии. Книги выходили многотысячными тиражами. В его адрес приходило множество писем с благодарностями.

Кемель Токаев познакомился с известными писателями: Абдильдой Тажибаевым, Жубаном Молдагалиевым, Абдиджамалом Нурпеисовым и другими. Подружился с Саттаром Имашевым, который позже стал секретарем ЦК КП Казахстана. Почитал Сакена Сейфуллина, Беимбета Майлина, Габита Мусрепова, Сабита Муканова.

К слову, перед тем, как писать свои произведения, он выезжал в област-



ные центры, где встречался с рабочими фабрик, заводов, а в аулах – с хлеборобами, животноводами.

Касым Жомарт Токаев вспоминает об отце так: «Он ужинает, затем слушает новости по телевизору и идет спать. Просыпается в 3 часа ночи. Он говорил: «Не представляю себя без творческой работы». До утра он читал, писал, печатал, а в 8 часов уходил на службу. Всегда опрятный, подтянутый».

Кемель Токаев был членом Президиума Верховного Совета Казахской ССР и Союза писателей Казахстана. Трижды был удостоен первых премий на литературных конкурсах, посвященных деятельности сотрудников милиции. До конца жизни не расставался с нагрудным знаком «Отличник мили-

ции». Руководство МВД при встрече с ветеранами, молодыми сотрудниками милиции приглашало Кемеля Токаева.


В государственном архиве РК хранятся папки с рукописями книг Кемеля Токаева, рабочие блокноты с выписками из секретных архивов КГБ и МВД. Он выпустил книги: «Звездный путь», «Зимняя ласточка», «Думы о будущем», «Военное задание», «Ночной выстрел», «Таинственный след», «Золото с тамгой», «Последний удар» и другие.

Огромную помощь в литературно-художественном оформлении книги «Алақан күйдірген ақша» Кемель Токаев оказал бывшему начальнику УВД Костанайской области генерал-майору милиции Самату Бакирову. Книга, состоящая из четырех частей, посвящена оперативным работникам региона.

В свое время Кемель Токаев заметил, что генерал Бакиров написал в газету статью на казахском языке. Тогда редко кто писал на казахском языке.

Приключенческие повести и романы основоположника казахстанского детективно-приключенческого жанра читаются с увлечением и отличаются достоверностью. Кемель Токаев останется в памяти народа как человек доброй души, широкой натуры и чистой совести.

Сатыбалды НАСЫРОВ,
полковник полиции в отставке
Костанай



Халық қаһарманы Қайрат Үмбетовтің әскери салаға келуіне әкесі Жарылқасынның ықпалы жоғары болды. Ол кісі құқық қорғау органдарында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен. Ресейдегі Ленинград қаласында (қазіргі Санкт-Петербург) қызмет істеген. Жұмыс бабымен Ташкент облысына ауысып, қызметін Шыршық қаласында жалғастырған. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, әке тағылымы жолын жалғауға қанат бітірген. Қайрат Үмбетовтің туған інісінің де таңдауы осы салаға түскен. Бүгінде Азамат ҚР Қорғаныс министрлігінде жұмыс істейді. Генерал-майор Қайрат Жарылқасынұлы бір сөзінде «Әскери салаға жақындық қанымызда бар» деді.



ҚАЙРАТ ҮМБЕТОВ: «ӘСКЕРИ САЛАҒА ЖАҚЫНДЫҚ ҚАНЫМЫЗДА БАР»

Қайрат Үмбетов Шыршықтағы Жоғары танк командирлерінің инженерлік училищесін тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын Шымкент қаласындағы 6506 Әскери бөлімінде бастап, онда батальон командиріне дейін көтерілген. Одан кейін Щучьедегі Ұлттық қорғаныс университетіне оқуға түскен. Кейін Павлодар, Өскемен, Қарағанды қалаларында қызмет еткен. 2016 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің Бас штаб академиясы факультетіне магистратураға қабылданды. Одан соң кезінде өзі

қызмет атқарған 6506 Әскери бөліміне командир болып барған. Жоғары басшылықтың шешімімен Ұлттық ұлан «Батыс» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының бірінші орынбасары – штаб бастығы лаузымында да еңбек етті. 2022 жылдан бері Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметінде.

– **ҚАЙРАТ ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ, АЛДЫМЕН БИЫЛ АЛҒАН ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ШЕҢІЗБЕН ҚҰТТЫҚТАЙ-МЫЗ! СІЗГЕ «ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ»**

АТАҒЫН СЫЙЛАҒАН СОЛ ОҚИҒАНЫ ӨЗ АУЗЫҒЫЗДАН ЕСТІСЕК...

– Құттықтауларыңыз үшін алғысымды білдіремін. Бұл халықтың, Мемлекет басшысының және Ішкі істер, Ұлттық ұлан басшылығының менің қызметіме берген оң бағасы деп білемін.

Мен жиырма жылдан астам уақытымды осы әскери салаға арнаған адаммын. Әскери қызметтің өзіндік ерекшелігі бар. Барлығы бір күн тәртібінің аясында өрбиді. Солай десек те әскери адам, командир күнделікті

шешім қабылдайды. Әр шешімі салмақты, әрі жауапкершілікке толы.

Ол оқиға 2016 жылы болды. Қарағанды облысындағы Қарабас елді мекенінде 6505 Әскери бөлімінің кезекті оқу-жаттығуы өтіп жатты. Бұған әскерге он ай бұрын шақырылған жауынгерлер қатысты. Жас сарбаздар оған дейін автомат пен тапаншадан оқ атып, жауынгерге керекті машықтарды меңгерген болатын. Енді олар жарылғыш граната лақтырып үйренуге келген еді. Маған сол кезде оқу-дайындыққа жауапты маман ретінде қауіпсіздікті қадағалау міндеттелді. Сонымен жаттығу басталды. Алғашқы болып Тараздан келген қатардағы жауынгер Абзал Сұлтанқұлов РГД-5 гранатасын қолға алды. Оған пәрмен берілгеннен кейін ол гранатасын құлаштап лақтырды. Алайда гранатаның салмағы ауыр болғандықтан алысқа ұшпай, қарсы соққан желдің екпінімен окоптың жиегіне, үйілген топыраққа түсті. Содан ол домалап, сарбаз екеуіміз тұрған тұсқа жетті. Тәртіп бойынша граната лақтырғаннан кейін сарбаз тұрған жерінде отыра қалуы керек. Абзал болса қаруын ұстап, отыра қалды. Жауынгер өзі лақтырған гранатаның табанының астына түскенін білмеді. Енді шалт қимылдамасаңыз, ол 3-4 секунд ішінде жарылады. Сол сәтте бойымды қандай сезім билегенін білмеймін, оны аман алып қалам деп соған қарай ұмтылдым. Бәрі қас пен көздің арасында болды. Алдымен өзіме жүктелген жауапкершілікті ойладым. Мен үшін қалай болғанда да оның өмірін сақтап қалу маңызды еді. Негізі, сарбаз бәрін дұрыс істеді. Гранатаны алғаш қолға алғаннан кейін қобалжыған болуы керек. Содан есімді ауруханада жидым. Есімді жиғанда жанымда тұрғандардан «Жауынгер аман ба?» деп сұраппын. Олар «Аман-есен, бәрі жақсы» дегенде ғана жүрегім тынышталды. Ауруханада ұзақ емделдім. Денемде гранатаның біраз жарықшағы бар еді, дәрігерлер оның жартысына жуығын алып тастады. Тек аяғым мен желке тұсымағы жарықшақтар ағзаның күрделі тұстарында болғандықтан, кейінге қалдырылды. Кейін Абзалдың әке-шешесі келіп, баласын аман алып қалғаны үшін алғысын айтты. Ол кісілермен де жақын

араласып кеттік. Алайда мен бұл жағдайды ерлік деп емес, әскери борышым деп санадым. Менің орнымда басқа әскери адам болса, ол да сондай әрекетке барады деп ойлаймын.

– ҚАЗІР ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ-ШІЛЕРГЕ ҚАНДАЙ БАСТЫ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛАДЫ?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жедел елордалық бригадаға барған алғаш сапарында Ұлттық ұланды «Нағыз ерлік пен патриотизм мектебі» деп атады. Иә, сарбаз бір жыл қызмет етеді, бұл уақыт жігіттерге тәрбие беріп, олардан Қазақстанның лайықты азаматтарын дайындау үшін жеткілікті. Бұл біздің жауынгерлеріміздің ерлігімен дәлелденеді. Ұлттық ұлан жауынгерлері патриотизм мен елжандылықтың үлгісін көрсетіп келеді. Өздеріңізге белгілі, 2016 жылғы маусымда Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік оқиғаны айтып өтсек болады. Жат ағымның ықпалына кеткен діни экстремистердің террорлық шабуылына қаладағы 6655 Әскери бөлімі тап болған болатын. Әрине, қару үні естілген жерде жан алысып, жан беріскен, дұшпанмен күресте Отан үшін оққа ұшқан бірқатар асыл ерлерімізді жоқтап қалдық. Олар өздерінің ерлігімен ел тыныштығын сақтап қалды. Сол сойқанда қатардағы жауынгер Досбола Сапар мен келісімшарт қызметінің кіші сержанты Берікжан Қалиев ерлікпен қаза тапты. Ал Сырым Сүндетов, Денис Чернышов пен Бақтияр Қайырбеков ержүректікпен Отан алдындағы борыштарын орындап, террористерге тегеурінді тосқауыл қойды. Олардың ерлігі – өскелең ұрпақ үшін өшпес өнеге. Сол кездегі қатардағы Бақтияр Қайырбеков шабуылда көрсеткен ерлігі үшін III-дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Өмір сынағынан сүрінбей өткен жас өрен болашағын әскери саламен байланыстырып, офицер атанды. Сондай-ақ III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған Жандос Баянбаевты мақтан тұтады. Ал III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған Ербол Отарбаевқа көркем фильм арналған. Ақтөбеде қылмыскерлермен шабуыл кезінде жараланған сарбаздар бүгінде келісім-

шарт бойынша қызмет етеді, біреуі офицер болды. Тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан 17 сарбаздың ерлігі ұмытылмайды. «Қазбат» фильмі – осы тақырыптағы ең жақсы картиналардың бірі. Олардың үлгісімен біз жас ұрпақты тәрбиелеп, сарбаздарға Тәуелсіздігіміздің құрдасы туралы айтып отырмыз.

Ішкі әскерлер мен Ұлттық ұланды құрудың бастауында тұрған генералдар мен офицерлерді үлгі тұтамыз. Атап айтсақ, Халық қаһарманы, генерал-полковник Қайырбек Сүлейменовтің басшылығымен Ішкі әскерлерді дамытудың алғашқы бағдарламасы қабылданды. Құқықтық тәртіп әскерінің аңызына айналған генерал-лейтенант Болат Жанасаев, ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов, сондай-ақ, генерал-майор Қалиақпар Тоқышев пен Дәулет Салхановтардың әскер дамуына қосқан үлестері мол. Сонымен қатар даму платформасын құрған аға буын өкілдеріне де айтар алғысым мол. Командирлер өз өмірлерінің көп бөлігін сарбазға деген қамқорлыққа арнады. Кейде өз махаббатын, уақытын тұған балалары мен отбасына бөле алмайды. Бірақ біздің өмір салтымыз балаларымызға үлгі болады. Біз – олардың ісін жалғастырушылармыз. Өсіп келе жатқан офицерлер корпусы да сара жолды жалғастыратынына кәміл сенемін. Кейде Ұлттық ұланның жауынгері заңға бағынатын азаматты қылмыскерден бөлетін соңғы бекет болады. Оны біз өткен Қаңтар оқиғасы кезінде көрдік. Қатардағы Айбат Аманов пен Мадияр Қайсаровты ешқашан ұмытпаймыз. Бүгінгі сарбаздар озық үлгідегі жауынгерлік дәстүрге сай тәрбиеленіп, дайындықтан өтеді.

– ӘСКЕРДЕ ӨЛІМ, ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУ ДЕРЕКТЕРІ КӨБЕЙІП КЕТТІ. БҰҒАН НЕ СЕБЕП ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?

– Суицид немесе өз-өзіне қол жұмсау – бүгінгі заманның кеселі дер едім. Әлем бойынша жас азаматтар мен азаматшалар өз еріктерімен өмірмен қош айтысып жатады. Бұл тек әскерде ғана емес, азаматтық қоғамда да кең бөлек алып отыр. Өкінішті, әрине. Десе де, қоғам әскердегі оқиғаларға қатты көңіл бөледі. «Сіз әскерде өз-өзіне қол

жұмсау көбейіп кетті» дейсіз, салыстырмалы түрде қоғамда одан да көп. Алайда адамдар әскердегі оқиғаларды қатты сынға алады. Егер салыстыратын болсаңыз, әскердегі суицид деректері олардың 10 пайызына да жетпейді. Бірақ қоғамда кеңінен талқыланады. Сол секілді бұзақылықты алыңыз. Мектепте қаншама оқушы төбелеседі? Ол да дұрыс емес. Бірақ әскерге деген талап жоғары. Әр сарбаз үшін командир жауапты. Бізде Қорғаныс министрлігімен бірлескен «Өмірді сақта!» бағдарламасы бар. Әскерге келген сарбаздар зерделенеді. Олардың мінез-құлықтары, отбасылық жағдайы сарапталады. Солай десе де, арасында өз-өздеріне қол жұмсайтындары табылады. Оның

өзін жеп, жастықтың буымен осындай радикалды қадамға барады. Енді бірі қаржылық, отбасылық проблемаларға тап балады.

– ӨЗБЕКСТАНДА ТУҒАН ЕКЕН-СІЗ. СІЗ ТУҒАН ЖЕР – ШЫРШЫҚТЫ «ӘСКЕРИЛЕР АЙМАҒЫ» ДЕП ЖАТАДЫ. ОСЫ САЛАҒА КЕЛУҢІЗГЕ ТУҒАН ЖЕРІҢІЗДІҢ ӘСЕРІ БОЛДЫ МА?

– Әкемнің қызмет бабымен көршілес Өзбекстанда тұрдық. Кеңес Одағының тұсында дүние есігін аштым. Балдәурен балалық шағым Шыршықта өтті. Дәл сол жерде Ленин орденінің Шыршық жоғары танкілі командалық-инженерлік училищесі бар. Біз бала кезімізден курсанттарды

орнына құжатымды тапсырып, арманымды орындадым.

Мәселен, сіз қалада күнделікті аялдамада қоғамдық көлік күткенде түрлі мамандық иелерін көресіз. Бірі – мұғалім, бірі – дәрігер, енді бірі – инженер. Ал Шыршықтағы аялдамада тек әскери адамды кездестіресіз. Себебі, бұл әскери қала болатын.

– БҮГІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҰЛАН БАС ҚОЛБАСШЫСЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫСЫЗ. ҚЫЗМЕТ АЯСЫНДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТ, ОНЫҢ ОРЫНДАЛУ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

– Құқықтық тәртіп әскерінің тәр-



себептері де алуан түрлі. Біреуі сезімге беріледі, яғни сүйіктісі тастап кетті делік. Ол әскерде шыға алмайды. Сөйлесе алмайды. Еркін жүріп-тұруына мүмкіндік жоқ. Жарғы талаптары рұқсат бермейді. Іштей қынжылады, өз-

көріп, олардың жүріс-тұрысына, әскери формасына қызығып өстік. Әрбір ер азамат осы әскери оқу орнына түсуге тырысты. Қырық тонналық танкті тізгіндеуді мақсат етті. Мен де сол жүздеген ауылдастарым секілді, осы оқу

биесін жүргізу, идеологиясын қалыптастыру – жоғары мәртебе, сонымен қатар, жауапкершілік. Мақсатымыз – «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі ережелерін насихаттау, Президент Жолдауына сай қазақстан-

дықтардың отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу және жеке құрамды Қазақстан Республикасы ИМ, Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрықтарын орындауға жұмылдыру, әскерде тәртіп пен заңдылықты қалыптастыру. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Тәрбие жұмысының мақсаты – адамның бойында жауынгерлік қасиетті, жауынгерлік өнегелілікті қалыптастыру» дегені бар. Бұл жерде әскердегі жеке құрамды тәрбиелеу, жұмылдыру үлкен күшті талап етеді. Бұл тек бір жылдың еншісінде емес, ұзақ жылдар ішінде тәрбиелеудің кешендік жұмысының жемісі. Өзіңіз ойлап көрсеңіз, Тәуелсіздік алғаннан бері бұрынғы Ішкі әскер, бүгінгі Ұлттық ұланның 270-тен аса әскери қызметшісі мемлекеттік наградалармен марапатталған. Оның дені – қарапайым сарбаздар. Сондай-ақ қызмет атқару барысында 27 әскери қызметші қаза тапқаннан кейін жоғары марапаттарға ие болған. Біздің әскери қызметшілер күнделікті қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметке шығады. ҚАЖ мекемелерін күзетеді, төтенше жағдай кезінде халыққа алғашқылардың бірі болып көмек қолын созады. Аса маңызды мемлекеттік нысандарды күзетеді. Бейбіт күні ерлік жасайтын әскер түрі кем де-кем. Біздің әскери қызметшілер ішкі істер органдарымен бірлесіп, көшедегі қылмысқа қарсы тұрады. Ұрлықшыларды ұстайды, бұзақыларды тұтқындайды. Жоғалған балаларды жақындарына қайтарады, су және өрт кезінде адамдарды құтқарады, сол арқылы елдің оң бағасын алып жатыр.

– ЕСТУІМШЕ, БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ ТАКТИКАСЫН ИЗРАИЛЬ СЕКІЛДІ ЕЛДЕР ҮЛГІ ЕТІП АЛАДЫ ЕКЕН. СІЗДЕРДЕ ҚАНДАЙ ӘСКЕРИ ТАКТИКАЛАР ОҚЫТЫЛАДЫ? СОНДАЙ-АҚ СІЗДЕР ҚАЙ ЕЛДЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫС ОРНАТАСЫЗДАР?

– Бес жыл бұрын Ұлттық ұлан бөлімшелерінде біртуар перзентіміздің туғанына 108 жыл толуына орай чөллендж іске қосылды. Оның қатысушыларына Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін жатқа оқу ұсыныл-

ды. Интернетте бейнероликтер пайда болды, онда жауынгерлер «Комбат» дәйек сөздерімен жауынгерлік даярлықта дағдыларын көрсетті. Біздің әскери институттың бағдарламасында Бауыржантану бөлімі бар. Институттың әр түлегі өзінің офицерлік сәмкесіне кітаптарын алады.

Бауыржан Момышұлының «Командирдің күнделігі», «Соғыс психологиясы» еңбектері әр офицердің үстел үсті кітаптарына айналды. Біз оның шығармалары бойынша дәрістер оқимыз, сабақтар мен конференциялар өткіземіз. Офицердің дүниетанымы жоғары оқу орнының қабырғасында жатыр. Біз жастардың санасына салған дән өмір бойы өсіп, жеміс береді.

Бауыржан Момышұлы батыл жауынгер және шебер, ойшыл командир болған, сонымен бірге ол үнемі шығармашылық ізденісте болып, көргендерін талдап, қорытып, қорытынды жасап, ойларын тұжырымдады. Өмірінде әскери қызметте болмағандардың арасында командир бұйрық береді және бәрі оны орындауға жүгіреді деген пікір бар. Әскери өмірдің өмір салты Жарғының параграфтарымен және әскери бөлімнің қоршауымен шектеледі. Бұл – қате түсінік. Командир – шығармашыл адам. Ол жеке құраммен жұмыс жасайды. Оны зерделеу, оқыту, жауынгерлік және қызметтік даярлықты, жауынгерлік қызметті ұйымдастыру, тұрмыстық мәселелер, өзара іс-қимылды ұйымдастыру командирге жүктелген. Командир кең ойлы адам болуы тиіс.


Заман талабына сай дайындық тәсілдері де өзгерді. Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік әрекетіне сай стратегиялық және тактикалық жоспарлау, әскери дайындық түрлері бар. Біздің әскер Беларусь, Ресей Федерациясы және Түркия мемлекеттеріндегі жоғары әскери оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Сонымен қатар Тұңғыш Президент атындағы Ұлттық қорғаныс университетінде арнайы Ұлттық ұлан факультеті бар. Онда біздің әскери қызметшілер білімдерін жетілдіреді. Сондай-ақ Петропавл қаласында Ұлттық ұлан академиясы офицерлердің шеберханасына айналды. Мұнда жыл сайын 200-ден аса жас офицер оқуларын

аяқтап шығады. Биыл алғаш рет өзіміздің офицерлерімізді оқытатын магистратура ашылды. Бұл да жыл өткен сайын оқу жүйеміздің дамып келе жатқанын ұғындырады.

– ЖАС БУЫННЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМІН, ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ОЯТУДА ҚАНДАЙ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗЕСІЗДЕР?

– Ең бірінші кезекте адам өзі үлгі болуы керек. Командир – бірінші үлгі. Кез келген әскери қызметші өзін тәрбиелеу, өзін тұлғалық тұрғыдан жетілдіру арқылы баршаға үлгі көрсетеді. Біз ақпараттық заманда өмір сүретінімізді ұғынуымыз керек. Бүгінде дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда, әлеуметтік желілердің ықпалы көп. Әскери қызметші жұмыс орнында болсын, жұмыстан тыс жерде болсын, оған жіті назар аударылатынын ұмытпауы керек. Ұялы телефоны бар кез келген тұрғын әскери қызметшінің оғаш қылығын бейнеге түсіріп, әлеуметтік желіге шығарса, ертесіне-ақ бүкіл халыққа әйгілі болып кетеді. Бірден резонанс туғызады. Сондықтан әскери қызметші әр кезде қоғамдық бақылауда екенін білгені жөн. Бұл жауапкершілік жүгін көтерудің бірден-бір нақты жолы – өзіңді іштей тәрбиелеу. «Тұрысы жаман қамысты көл ішінде от алады. Жүрісі жаман жігітті ел ішінде жау алады» дейтін мақал бар. Әскери қызметші қай жерде болмасын, заңға, тәртіпке бағынып, өзгелерге үлгі көрсеткені жөн. Біздің мақсат – жастарға әскери қызметтің озық үлгісін көрсету арқылы Отан қорғау ісіне тарту. Осы бағытта тәрбие жұмыстары жүріп жатыр. Биыл «Жас бүркіт» қозғалысының 25 жылдығын атап өтеміз. Біздің «Жас бүркітшілер» Ұлттық ұлан қатарында көп. Жастар әскери болуды, Ұлттық ұланда қызмет атқаруды таңдады. Алды үлкен офицерлік шендерге жетті. Бұл – біздің мақтан тұтатын тұсымыз.

**Сұхбаттасқан
Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ**



2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап төлқұжат пен жеке куәлікті алу кезінде азаматтар міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеуден өтеді. 2016 жылы 30 желтоқсанда «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң қабылданды, ол 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енуі тиіс болатын. Алайда, ІІМ тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап дактилоскопиялық тіркеу бөлігінде заңдардың жекелеген нормаларын енгізу мерзімдерін ауыстыру туралы ұсыныстар енгізді. Осыған сәйкес 2018 жылғы дактилоскопиялық тіркеу туралы Сыртқы істер министрлігінің бұйрығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қол қойған заңнамасымен 2023 жылға шегерілді. «Тиісті қаржыландырудың болмауына байланысты дактилоскопиялық тіркеуді қолданысқа енгізу мерзімі 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын» дейді заңдағы түзетулердің бірінде.

Саусақтың папиллярлық үлгісі арқылы ақпарат алу бүгінде жаңалық емес. 1902 жылы 18 сәуірде Ұлыбританияда қылмыскерді анықтау үшін дактилоскопия алғаш рет қолданылған. Одан бөлек VI-XIII ғасырларда Қытайда, Жапонияда, Кореяда құжаттарға қол қою үшін саусақ ізі пайдаланылды.

Яғни, адамның жеке басын растауда саусақ іздерін пайдалану – бұрыннан бар дүние. Саусақ іздерін практикалық түрде күні бүгінге дейін пайдаланып келе жатқан салалар бар. Оның ең негізгісі – криминалистика. Криминалистикалық ғылым саусақ іздерін алудың алғашқы және ең маңызды қолданбалы саласы. Қазіргі кезде

технологиялардың дамуы барысында түрлі электронды құлыптар, көліктер, турниктер, есіктер, сканерлермен жабдықталған сейфтерді саусақпен түртіп ашуға болатын жағдай туды.

Дактилоскопиялық тіркеудің мақсаты – адамның мүдделерін қорғау, оның заңды құқықтарын, денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізлетін дактилоскопиялық тіркеуден 12 жасқа дейінгі балалардан басқа Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер өтуі қажет. Ал 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар дактилоскопиялық тіркеуден ерікті негізде өте алатыны белгілі болды.

Жеке куәліктерді, паспорттарды, шетелдіктің тұруға ықтиярхаттарын және азаматтығы жоқ адамның куәліктерін рәсімдеу үшін саусақ іздерін алу ХҚКО-ларда жүргізілетін болады. Енді міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартқаны үшін азаматтар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 443-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады деп жоспарланып отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Статистикалық бюросының мәліметінше, 2009 жылы әлемнің 118 мемлекеті биометриялық тіркеуді енгізе бастаған. Мысалы, АҚШ 2004 жылдан бастап ел азаматтарының төлқұжатына биометриялық мәліметтері бар чип орнатса, сырттан келген азаматтар суретке түсіріліп, саусақ іздері алынады. Мұндай тәжірибе Германия мемлекетінде бар. 2009 жылы Еуропалық одақ тарапынан қабылданған Визалық кодекске сәйкес Шенген аймағына кірген шетелдіктер міндетті биометриялық тіркеуден өтетіні белгілі. Соңғы жылдары бауырлас ел Түркия да азаматтарының саусақ іздерін тіркеуді кезең-кезеңімен жүзеге асырып жатыр. Халқы көп Үндістан мен Қытай да өздерінде осындай тіркеуді бұрыннан қолданады. Ал көршілес Ресей Федерациясы 1998 жылы «Мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеу туралы» және 2008 жылы «Мемлекеттік геномдық тіркеу туралы» заңдарды қабылдап үлгерді. Мұндай заңдық құжаттар тек Қазақстанда ғана емес, көршілес Әзірбайжан, Беларусь, Тәжікстан, Молдова және Өзбекстан мемлекеттерінде қолданыста екендігін білгеніміз жөн. Сондықтан заманның ағымына сай тиімді шешімдерді қабылдау – еліміздің болашағы үшін аса маңызды қадам. Адамдардың жеке бас ақпара-

тын рәсімдейтін маңызды шешімнің артықшылықтары жеткілікті.

Ең алдымен, бұл іс-шара жеке тұлғаларды биометриялық сәйкестендіруді арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде заңсыз құжаттандыру деректерін болдырмауға, құжаттарды қолдан жасаудан, жеке тұлғаларды алаяқтық және өзге де қылмыстық әрекеттерден қорғауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, дактилоскопиялық тіркеу біздің азаматтарымыздың басқа елдердің мемлекеттік шекараларын кесіп өту рәсімін жеңілдетуді көздейді.

Үшіншіден, бұл күнделікті өмірде



де, жазатайым оқиғаларда да, соның ішінде техногендік және табиғи сипаттағы жеке басын куәландыратын құжаттарды қалпына келтіру процесін жеделдетеді.

Сонымен қатар, болашақта дактилоскопиялық ақпараттың арқасында заманауи құрылғылар арқылы мемлекеттік қызметтерді үйден шықпай-ақ, қашықтықтан алуды одан әрі дамыту мүмкіндігі пайда болмақ. Бұл еліміздің әр саласындағы цифрлық жүйені жеңілдетеді.

Дактилоскопияның көмегімен шешуге болатын көптеген өмірлік жағдайларды мысалға келтіруге болады.

Мәселен, есте сақтау қабілетінің төмендеуінен зардап шегетін адамдар үшін дактилоскопиялық тіркеу ерекше маңызға ие болады. Егер адам өзі туралы ешқандай ақпарат бере алмаса (мысалы, сөйлеу қабілеті бұзылған, есте сақтау қабілеті бұзылған), саусақ ізі арқылы тіркеуден өту туыстары-

на жоғалған отбасы мүшесін табуға көмектеседі.

Одан бөлек Қазақстан азаматы біздің республикамыздан тыс шет елге тұрақты тұруға немесе саяхаттауға кетуі мүмкін. Егер ол өзінің төлқұжатын Қазақстаннан тыс жерде жоғалтып алса, оған Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне жүгініп, дактилоскопиялық тіркеуден өткенін айту жеткілікті. Құжаттарды қалпына келтіруде ешқандай мәселелер болмайды. Жеделдік пен тиімділікке құрылатын бұл заңнаманың мемлекет пен қоғам үшін әкелер жеңілдігі басым.

Жаңа заңға қатысты қоғам-

ның пікірі екіге жарылды. Себебі, өз жеке ақпараттары үшін алаңдайтын адамдар да бар. ИМ саусақ іздерін сақтау қауіпсіздігінен және жүйеден дербес деректердің жария болуынан қорқатындар үшін саусақ ізі туралы ақпарат мемлекет кепілдік беретін қорғауға жататынын хабарлады. Дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан азаматтарының биометриялық ақпараты иесіздендірілетін болады, яғни деректер базасында саусақ іздерінің цифрлық моделі мен бірегей идентификатор ғана қамтылатын болады. Яғни, онда азаматтың толық аты – жөні мен ЖСН дербес деректері болмайды.

Қазіргі уақытта уәкілетті орган жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізуде. Жаңа заңнаманың ел мен мемлекет игілігі үшін жасар мүмкіндіктерін қолданысқа ие болғаннан соң уақыт көрсетеді.

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

ИСПЫТАНИЕ ВЫСОТОЙ



Не каждый репортаж зависит от метеоусловий и капризов погоды. Чего нельзя сказать о материале про прыжки с парашютом. Два раза плотный и густой туман не давал возможности летно-подъемному составу Национальной гвардии совершать плановые прыжки. И только на третий раз небесная канцелярия соизволила предоставить благоприятные условия, вознаградив за терпение ясным солнечным днем.



Командир воинской части 3656 полковник
Дмитрий БАСТЕР

Согласно курса воздушно-десантной подготовки Нацгвардии, летчики и бортпроводницы должны два раза в год совершать прыжки с парашютом. На случай, если самолет/вертолет будет терпеть крушение. Об этом нам рассказал командир воинской части 3656 полковник Дмитрий Бастер.

Локация – аэродром Северный, что в 23-х километрах от Астаны. С раннего утра здесь собирается летно-подъемный состав Нацгвардии. Они проходят инструктаж, проверяют снаряжение, готовятся физически и психологически.

К слову, о последнем... За неделю до запланированных прыжков с ними начинает работать психолог, прорабатывает их слабые стороны, настраивает на прыжок.

Начальник службы психологического обеспечения старший лейтенант Галия Мустафина во время наземной подготовки рассказывает о физиологических процессах, которые происходят с организмом во время полета, прыжка или перед прыжком. А также о методах саморегуляции, то есть как использовать психотехники, чтобы помочь самому себе справиться со стрессом.

Работа проводится в несколько этапов. Предпрыжко-





Начальник службы психологического обеспечения
старший лейтенант Галя МУСТАФИНА



вая подготовка, затем психодиагностика с помощью экспресс-методик, которые позволяют оценить готовность и стратегию поведения летно-подъемного состава в стрессовых ситуациях. Следующий этап – психологическое обеспечение.

– Здесь я визуально оцениваю их состояние. Если у кого-то есть признаки тревожности, невроза, помогаю им справиться с этими состояниями, – рассказала старший лейтенант Мустафина.

Во время подготовки к прыжкам на аэродроме играла музыка. «Любите, девушки, простых романтиков...», «Первым делом, первым делом – самолеты. Ну, а девушки? А девушки – потом...» – доносились из динамиков знакомые песни.

Как оказалось, музыкальное сопровождение тоже было частью психологической подготовки к прыжкам с парашютами. Создание «летной» атмосферы настраивает на позитив, поднимает боевой дух. По словам начальника службы психологического обеспечения, многие психологические исследования, которые проводились с летно-подъемным составом, парашютистами, показывают, что наиболее эффективная стратегия поведения – это позитивный настрой.

– Конечно, чувство страха, инстинкт самосохранения есть у всех, но здесь речь не идет о фобии. Наши бойцы идут на службу осознанно, прекрасно понимая ее особенности и нюансы. Отчасти они романтизируют свою службу. К счастью, количество взлетов и прыжков у нас соответствует количеству удачных приземлений, – с улыбкой поделилась девушка.

В этот день прыжок с парашютом совершили 16 человек, в том числе три девушки-бортпроводницы. Большинство из них – перворазрядники. Как нам рассказал полковник Бастер, в обязательном порядке

надо выполнить два прыжка. В противном случае – освобождение от летной должности. Летный состав совершает прыжки с 800 метров. Парашютно-десантное подразделение – с 1 200 и 4 000 метров.

Прыжкам предшествуют построение и инструктаж, который проводит начальник поисково-спасательной парашютно-десантной службы воинской части 3656 капитан Даниил Зайцев. По его словам, существует три вида подготовки к прыжкам с парашютом. Наземная – проводится с теми, кто вообще не прыгал, или перерыв в прыжках составляет больше года. Предварительная подготовка проводится за один день до прыжков в течение всего рабочего дня. И третий вид – предпрыжковая подготовка – непосредственно перед самими прыжками.

– До личного состава доводятся особенности площадки, погодные условия, меры безопасности при приземлении с учетом направления и скорости ветра, – отметил он.

Бортпроводница вертолета МИ-171Е старший лейтенант Анастасия Бондарева совершила свой первый прыжок. В авиации Национальной



Начальник поисково-спасательной парашютно-десантной службы воинской части 3656 капитан ДАНИИЛ ЗАЙЦЕВ





**Бортпроводница старший лейтенант
Анастасия БОНДАРЕВА**

гвардии девушка сравнительно недавно. После приземления она поделилась своими впечатлениями.

– Все произошло очень быстро. Кажется, мы больше готовились. Перед прыжками и непосредственно во время прыжка мне очень пригодились советы нашего психолога и старших коллег. Также больше уверенности и спокойствия придавало то, что я прыгала со своего родного борта. А дома, как вы знаете, и стены помогают, – не скрывая радости, рассказала она.

К слову, на сборку одного парашюта уходит порядка 20–30 минут. И здесь не тот случай, когда ставка делается на скорость. В приоритете – качество работы.

**Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА,
член Союза журналистов РК,
фото М. АШІРБЕКОВА**



С ЛЮБОВЬЮ К КНИГЕ...

Отличным примером преданности и любви к своей профессии является библиотекарь Костанайской академии МВД имени Ш. Кабылбаева Каламкас Аргингазина, которая почти четверть века помогает нашим читателям сориентироваться в мире книг.



Она начала свой трудовой путь после окончания Костанайского культурно-просветительского училища в 1980 году. Работая библиотекарем, поступила на заочное отделение в Женский педагогический институт, факультет «Библиотечное дело». Получив высшее образование, более 18 лет работала в Тургайской областной библиотеке города Аркалык, где прошла путь от библиотекаря до заведующей библиотекой. Переехав в областной центр, работала библиотекарем в филиале Челябинского государственного университета. Последние 20 лет она хранит и пополняет книжный фонд в Костанайской академии МВД.

Каламкас Сапаровна пришла в учебное заведение, которое тогда имело статус юридического института. Она была участником и свидетелем насыщенных и памятных событий переезда и становления нынешней академии. Во главу работы библиотеки она всегда ставила вопросы сохранности библиотечного фонда.

К слову, одним из основных факторов оперативного выполнения читательских заявок является правильная расстановка книг, где каждое издание имеет свой шифр и адрес места расположения на полках. И здесь очень важен опыт и профессионализм, присущие Каламкас Сапаровне.

Библиотека является структурным подразделением академии. Основная ее задача – формирование, сохранность книжного фонда, обеспечение информационных потребностей и повышение информационной культуры пользователей. В нашей библиотеке четыре структурных отдела: абонемент, читальный зал, зал художественной литературы и зал периодических изданий.

На сегодня книжный фонд составляет более 124 тысяч экземпляров. Включает в себя научные издания, научные труды профессорско-преподавательского состава, учебную и учебно-методическую литературу, периодические издания, авторефераты,

диссертации, электронные учебники, художественную литературу. Формирование фонда ведется в соответствии со специальностями академии и информационными потребностями читателей. Вся литература отражена в электронном библиотечном каталоге, а также справочно-библиографический аппарат – на бумажных носителях. Имеется доступ к базе данных Республиканской межвузовской электронной библиотеки Казахстана.

Каламкас Аргингазина в отношениях с коллегами всегда доброжелательна и искренна. Благодаря профессионализму и высоким моральным качествам пользуется уважением и среди посетителей библиотеки.

В День библиотекаря хочется пожелать ей крепкого здоровья, благодарных, высокоинтеллектуальных читателей и больших успехов на пути в интересный мир книг и знаний.

Сауле НУРПЕИСОВА,
Костанайская область



А.Б. Болсамбеков

Учитель приходит в твою жизнь, чтобы она стала красочнее, интереснее, ярче. Учитель – это тот, кто верит в тебя, учит быть сильным, не бояться трудностей. Учитель дарит знания, доброту и надежду, помогает раскрыться. Одним из таких учителей для меня был генерал Болсамбеков Абдыкадыр Болсамбекович, чей жизненный путь ярко украсил историю органов внутренних дел Республики Казахстан.



В.П. Незнаев

ПУТЬ, ДОСТОЙНЫЙ ПОДРАЖАНИЯ

К 100-летию генерал-майора милиции, участника Великой Отечественной войны Болсамбекова Абдыкадыра Болсамбековича

Являясь другом моего отца Незнаева Виктора Петровича, кавалера орденов Великой Отечественной войны, Красной Звезды и боевых медалей, Абдыкадыр Болсамбекович тоже прошел испытания страшной войны. Он принимал участие в Сталинградской битве, боях в Порт-Артуре и на Халхин-Голе. Вернувшись с двух войн, продолжил сражаться, но уже с преступностью в мирное время.

Героизм, подвиги и добросовестный труд были высоко оценены Родиной. В его копилке порядка полусотни орденов, медали и другие заслуженные награды. С 1960 по 1972 год фронтовики служили рядом. Один возглавлял Талдыкорганский городской отдел внутренних дел, другой был прокурором этого города. На все резонансные преступления они непременно выезжали лично, что обеспечивало быстрое раскрытие и качественное расследование.

В 1966 году я был девятилетним мальчишкой, когда однажды отец, вернувшись с работы, рассказал матери о задержании убийцы. Этот случай запомнился мне на всю жизнь. Прибыв на место преступления, во время осмотра отец обратил внимание на странного мужчину в толпе зевак. Поймав пристальный взгляд прокурора, последний резко отвернулся и стал удаляться, отец последовал за ним. После команды остановиться, подозрительный тип попытался скрыться. Забежал в один из подъездов многоэтажки и через люк проник на крышу, где его настиг мой отец, вооруженный привезенным с войны трофейным «Вальтером», ставшим впоследствии узаконенным служебным оружием. Размахивая ножом, беглец попытался

запугать преследователя, но после предупредительного выстрела, увидев решительный настрой, понял, что шутки плохи. Бросил нож и, недолго отпираясь, признался в убийстве.

Доставив задержанного на место преступления, отец тут же санкционировал его арест. На этот случай печать всегда была при нем. Абдыкадыр Болсамбеков, отметив наблюдательность и храбрость прокурора, пожурил его по-товарищески, пошутив при этом: «Виктор, зачем ты побежал в одиночку? А если бы он тебя зарезал, кто бы тогда санкцию дал?». Отец, приняв шутку, ответил: «Время на раздумья не было, он мог скрыться, и ищи-свищи, а так, получите и распишитесь!».

К слову, Абдыкадыр Болсамбекович за это задержание наградил отца именными часами. И таких случаев в их совместной работе было немало. Орденоносцы всегда и во всем поддерживали друг друга, пока отца по окончании трех пятилетних сроков в 1972 году не перевели в Туркмению, прокурором Ашхабада.

В 1974 году, окончив среднюю школу в столице Туркмении, я по комсомольской путевке поступил в Карагандинскую Высшую школу МВД СССР. Получив диплом, прибыл в родной Талдыкорган, где был назначен на должность следователя. Через полтора года, заметив во мне качества оперативника (следственным путем раскрыл несколько неочевидных преступлений), Абдыкадыр Болсамбекович назначил меня заместителем начальника уголовного розыска Талдыкоргана.

В то время - это подразделение возглавлял один из лучших учеников генерала, Майер Иван Артурович. Под его руководством я прошел хорошую жизненную школу, приобрел богатый опыт

оперативника. В дружном коллективе работали классные сыщики: Штрак Александр, Рамазанов Манас, Ермаков Миша, Сидаш Сергей, Еременко Юра, Ульрих Володя. Надо отметить, что в 1980 году в уголовном розыске областного центра вместе с начальником работало всего девять оперативников, двое из которых были младшими инспекторами. Но, благодаря неусыпному контролю главного милиционера области, в то время полковника милиции Болсамбекова, раскрываемость была на высоком уровне.

Вспоминается один комичный случай. Не секрет, что после раскрытия особо тяжких, стоящих на контроле у руководства, преступлений, коллектив, за исключением дежурного, отмечал это событие 40-градусным напитком. На таких импровизированных «летучках» производился разбор полетов, чествовались отличившиеся. И вот однажды в позднее время, раскрыв по «горячим» следам резонансное преступление, далеко за полночь в кабинете начальника «уголовки» собрались несколько оперов, участвовавших в задержании преступников. Нарезали хлеб, колбасу, в граненые стаканы из зеленого, украшенного гроздьями винограда, графина разлили водку. Но не успели выпить, как кто-то забежав, сообщил: «Начальник УВД идет!». Быстро смахнули в стол закуску со стаканами, расселись на стулья, стоящие вдоль стен. В это время открылась дверь и в кабинет быстрой походкой зашел Абдыкадыр Болсамбекович. Иван Артурович скомандовал: «Встать, смирно! Товарищ полковник, личный состав подводит итоги раскрытия преступления и задержания подозреваемых». Болсамбеков был явно в приподнятом настроении, скомандовал: «Вольно!» и продолжил: «Вот зашел лично поздравить вас с раскрытием нашумевшего преступления. Молодцы! Орлы! Не подвели! Жду представления на поощрение». Подошел к Ивану Артуровичу, пожал ему руку, похлопал по плечу, после чего крепким рукопожатием поблагодарил за службу каждого сотрудника.

Затем его взгляд привлек одиноко, по-предательски близко стоящий к краю стола, наполненный крепким

напитком, граненый стакан, рядом с наполовину опорожненным атрибутом тех времен – зеленым графином. Мы затаили дыхание, в воздухе повисла напряженная тишина. Нет, только не это... Вдруг Абдыкадыр Болсамбекович взял стакан и сделал глоток. Почувствовав спиртное, это было видно по его удивленным глазам, он, не подав вида, спокойно осушил его. Выдержав паузу, крикнул, окинул нас взглядом и сказал: «Предупреждать надо!». Не прощаясь вышел в коридор. После того, как стихли его удаляющиеся шаги, Саша Штрак тихо произнес: «Попали!». Но Иван Артурович разрядил обстановку, скомандовал: «Продолжаем банкет и по домам. Победителей не судят!». К нашей великой радости, последствий, этого «разоблачения» не было, все участники заслуженно получили обещанные поощрения.

Под умелым руководством заслуженного генерала выросла целая плеяда талантливых учеников и последователей. Многие из них достигли высоких званий и должностей. Большое внимание Абдыкадыр Болсамбеков уделял спорту и физической подготовке сотрудников. Сам, будучи подтянутым, энергичным, спортивным, подавал личный пример, занимаясь плаванием, играя в футбол и проходя ежедневно пешком до 10 – 15 километров. В период его руководства ежегодно проводились соревнования по офицерскому многоборью, куда входили: стрельба, плавание, фигурное вождение мотоцикла, полоса препятствий и кросс на дистанцию три или пять километров.

В 1987 году мне удалось в личном первенстве завоевать первое место в области, обойдя в сумме баллов наших именитых спортсменов Зарецкого Сашу и Бессонова Володю. По инициативе генерала, в спорткомплексе «Динамо» была создана спортивная секция каратэ во главе с тренером Прытовым Владимиром Николаевичем, бывшим спецназовцем Московской отдельной мотострелковой дивизии. За один год он подготовил ряд достойных бойцов, с честью выступавших на республиканских соревнованиях. Впоследствии из числа его учеников была создана группа быстрого реагирования, которая до 1990 года выполняла

функцию спецназа по задержанию опасных преступников. В эту группу входили Козырев С.П., Джексембаев Е., Алтаев К.К. и другие подготовленные работники.

Хочу отметить, что Болсамбеков своим непростым волевым решением повлиял на мою судьбу. Дело в том, что однажды, незадолго до его отставки, я чуть не уехал в Россию: в город Ковдор Мурманской области. Начальник Мурманского УВД Морозов Валерий Николаевич, по ходатайству начальника РОВД, бывшего следователя Талдыкорганского ГОВД Кима Валерия Елисеевича, прислал мне вызов с приглашением на работу заместителем начальника Ковдорского РОВД по следствию. Но, по указанию генерала, мое личное дело спрятали и не отправляли в течение трех месяцев. И только после назначения на мое предполагаемое место полковника из Ленинграда, вернули в отдел кадров.

Вызвав меня в кабинет, Абдыкадыр Болсамбекович объяснил, что не намерен разбрасываться кадрами. Генерал категорически отказал в переводе, добавив: «Лучшей жизни, чем на Родине у человека нет. Ты еще не раз вспомнишь мои слова и будешь благодарен за такое решение».

Спустя много лет я осознал, что учитель был прав, ибо неизвестно, где и как сложилась бы моя судьба на чужбине. В Казахстане я дослужился до полковника, вышел на пенсию в 1998 году с должности заместителя начальника управления организации следственно-оперативной работы Военно-следственного Департамента МВД РК. Сейчас я окружен друзьями, бывшими коллегами, являюсь членом Президиума Совета ветеранов ОВД и НГ области Жетісу, ощущаю действенную поддержку и заботу коллег по ветеранской организации, а это, смею вас заверить, дорогого стоит.

Светлая память о нашем легендарном учителе, фронтовике, генерал-майоре милиции Абдыкадыре Болсамбекове навсегда останется в наших сердцах.

Сергей НЕЗНАЕВ,
полковник милиции в отставке

КӨШ БАСТАҒАН «КӨКШЕ САҚШЫЛАРЫ»

Киелі Жамбыл өңірінде 3-4 қыркүйек күндері республикалық «Парасатты полицей» байқауы өтті. Айтулы іс-шараға еліміздің әр өңірінен кілең мықтылар қатысты. 14-ші рет ұйымдастырылып отырған маңызды шараның басты мақсаты – ана тілімізді ардақтау әрі тәртіп сақшыларының рухын көтеріп, санасына серпіліс жасау. Тартысқа толы байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орынды Ақмола облысы Полиция департаментінің «Көкше сақшылары» командасы қанжығылады.



Дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келе жатқан конкурсқа әр облыстың мақтанышы болар қызметкерлері іріктеліп, таңдалады. Ақмола облысы Полиция департаментінің «Көкше сақшылары» командасы 2010 жылы құрылған. Команданың негізін қалағандар – полиция подполковнигі Равиль Абулханов және полиция майоры Қуаныш Есенбеков. 14 жыл уақыт аралығында топ құрамына Асан Аубакиров және Виктор Гейнц қосылса, ал ең жас мүшесі Бекзат Жумаенов соңғы екі жылда өз өнерімен көпшілікке танылып жүр.

Еліне, тіліне деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді арттыратын маңызды шараға ақмолалық

сақшылар аса жауапкершілікпен дайындалды. Ережесін толық және жан-жақты зерделеген команда капитаны Равиль Абулханов соңғы жылдары «Парасатты полицей» республикалық байқауына қойылым сценарийін толығымен өзі жазды. Кейде ол уақытпен санаспай, кітапханаларға барып материал іздеген. Жарыстың аса маңыздылығына мән берген көшбасшы жеңіске қол жеткізуде жауапкершілікті осылай танытты.

Ішкі істер органдары қызметкерлері арасында мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын арттыратын байқаудың тарихы туралы команда мүшелері айтсын.

– Алғаш 2010 жылы өткен

«Парасатты полицей» байқауын еске түсірсек, жарысқа қатысушы командалардың көздерінде бір үрей болатын. Ол кезде байқау бірінші рет ІІМ ғимаратында өткізілді. Өзім де сол кезде ІІМ-не алғаш аяқ басуым еді. Басшылық құрам алдында өнер көрсеткендіктен, қобалжу болды. Алдағы жылдары өтетін дәстүрлі байқауға өз басым үнемі жаңашылдық енгізгім келеді. Соңғы кездері жарысқа қатысушы командалардың көздерінен нұр, жеңіске деген ұмтылысты оңай байқауға болады. Әр команда жыл сайын жоғары дайындықпен келеді. Байқауға келген әрбір қызметкер өз ісіне шын берілген, жанашыр адамдар, – дейді команда капитаны Равиль Абулханов.

Байқаудың алғашқы кезеңінде әр



команда «Жаңа Қазақстан» тақырыбы аясында жеті минут ішінде өздерін таныстыруы қажет. Таныстырылым кезінде Әділетті Қазақстан құру жолындағы ішкі істер қызметін реформалау жолдары, цифрлық жүйеге көшу, қызмет барысында қазақ тілін қолдандудың ерекшеліктері қамтылуы тиіс.

– Алғашқы кезеңнің тапсырмасы бойынша барлық дүниені жеті минутқа сыйғызу оңай емес. Әсіресе, әрбір қатысушының ерекшелігін көрсете отырып, таныстырылым жасау өте маңызды. Ішкі істер саласындағы жаңашылдықпен бірге Тараз қаласының тарихына қысқаша тоқталу басты талап еді. Сондықтан алғашқы кезеңнен барынша жарқ етіп, есте қалу мақсатында барлық әзілдерді қысқа да нұсқа, түсінікті әрі күлкілі етіп құрастырдық. Сондай-ақ сценарий арасына заманауи әуендер мен билерді және қызықты бейнероликтерді қосуға тырыстық, – дейді «Көкше сақшыларының» бірінші кезеңге дайындығы туралы Ақмола облысы Полиция департаментінің жетекші маманы Әлия Билялова.

Ал екінші кезеңде қатысушылар Абай шығармашылығынан өлеңдер оқып, мән-мазмұнға бай көрініс көрсетуі қажет. Жауапкершілігі де сол – ұлы ақын шығармашылығының терең мәнін ашып көрсету. Бұл кезең жарысқа қатысушылармен бірге әділ қазыларға да оңайға соқпады. Байқауға үлкен дайындықпен келген сақшы-

лар бірінен бірі оза шапты. Нақышы көркем ұлттық киімдерді киіп, Абай әлемінің образын жеткізуге тырысты.

«Көкше сақшылары» командасының таңдауы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіне түсті. Команда бұл өлеңнің әні болғандықтан, оны домбырамен сүйемелдеп, нақышына келтіре орындады. Топтағы Бекзат Жумаенов домбыраға бала кезінен әуес. Оның бұл өнерін дәл осы тартысты тұста көрсету ойда болған. Команданың бұл кезеңдегі басты мақсаты – ақынның өлеңін оқуға топтың барлық мүшесін қатыстыру. Топ мүшелері Қуаныш пен Бекзат өз шумақтарын әндете оқыды. Асан мен Равиль ақынның өлең жолдарындағы ыза-мұңды көрсетті. Қазақ тілін жақсы меңгерген Виктор мәнерлеп оқуды өте жақсы орындап шықты. Жігіттер өздеріне берілген үш минутта мәнерлеп оқу мен сахналық шеберліктерін толыққанды көрсете алды.

Топ құрамында өзге ұлт өкілінің болуы – байқаудың талабы. Дана Абайдың өлеңін сахнада мәнерлеп оқыған Виктор Гейнцтің өнері көрерменді тәнті етті. Виктор қазақ тілін Атырауда әскерде жүріп үйренген. Сонымен бірге Қызылорда, Шымкент, Тараз секілді еліміздің әр аймағында туысқандары тұрады. Олар орыс тілін білмейтін. Викторды осындай қажеттілік және қазақи орта тілді үйренуге мәжбүр етті. Байқауға өзінің дайындығы туралы: – «Сегіз аяқ» өлеңін жаттау оңай болды. Кейбір түсінбей-

тін сөздерді сөздіктен қарадым. Өлең сөздерінің мағынасын түсінгеннен кейін мәнерлеп оқуға да жеңіл болды, – дейді Виктор Гейнц.

Жеңіске деген ұмтылыс пен ерекше дайындықтың арқасында «Көкше сақшылары» үздіктердің қатарынан көріне білді.

– Марапаттау рәсімі басталып, алғашында номинациялар берілді. Екінші және үшінші орын иегерлерін айтқан кезде жүректің дүрсілі жиілей түсті. Жұлделі 1-ші орынға ие болдық. Іштегі сезімді айтып жеткізу мүмкін емес. Еліміздің әр облысынан келген 20 команданың барлығы да өнерлі. Тапқырлықпен, шеберлікпен өз қойылымдарын қойды. Біздің команданың әр мүшесі өнерін сахна төрінде жоғары деңгейде көрсете білді. Біздің жеңісіміз – ортақ бірлескен жұмыстың жемісі, – дейді Ақмола ПД жетекші маманы Әлия Билялова.

Түркі халықтарының рухани мекені Тараз жерінде өткен «Парасатты полицей» тәртіп сақшылары үшін өнер жарысы ғана емес, бір-бірімен өзара тәжірибе алмасатын білім алаңы болды. Өз кезегінде жоғары нәтиже көрсеткен Ақмола облысы Полиция департаментінің «Көкше сақшылары» командасының алдағы уақытта да бағындырар белесі көп екеніне сенеміз.

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Третий века на оперативной службе

Асылбек Ондасынович Куанов всю свою трудовую деятельность посвятил оперативной работе. Начиная оперуполномоченным уголовного розыска РОВД. Ушел в отставку с должности начальника Департамента уголовно-исполнительной системы Актюбинской области.

В далеком 1969-м, после прохождения срочной службы в армии, он пришел работать в отдел внутренних дел Ленинского района (ныне Каргалинский район с райцентром в поселке Бадамша) Актюбинской области. Первые годы службы в милиции набирались опыта на различных должностях: оперуполномоченного, участкового, инспектора отдела по борьбе с хищением социалистической собственности. А через пять лет, учитывая результаты его безупречной службы, энергичность, добросовестное отношение к работе, лейтенанта милиции Куанова назначили заместителем начальника РОВД.

Он был самым молодым заместителем начальника РОВД по области. А в то время по штату был всего лишь один заместитель (сейчас четыре), который отвечал за все направления, и в первую очередь за уголовный розыск.

Тогда в РОВД из технических средств был всего один фотоаппарат. Ленинский район граничил с городом Орск Оренбургской области. В основном кражи с магазинов, аптек совершали орские преступники, поэтому раскрытия давались очень тяжело. Хорошо, если оперативникам предоставляли транспорт: ГАЗ-М1 или ГАЗ-51. Тогда они ездили по Орску, вычисляли, и ждали неделями, чтобы поймать этих преступников.

Как известно, скотокрадство является одним из основных видов преступлений в сельской местности. Как-то зимой, возле села Красное поле застрелили лошадь, часть мяса забрали, а часть осталась в снегу. Асылбек Куанов

вместе с участковым выехали на место происшествия. При осмотре было обнаружено огнестрельное ранение. Из лопатки лошади милиционеры изъяли пулю юкан. Такие пули продают только в охотничьих магазинах.

Асылбек с участковым инспектором поехали в город выяснять, кто в последнее время покупал этот юкан. Оказалось, что зарегистрировано более трех тысяч охотников и более 100

из них покупали юкан. На автобусе и пешком они ходили по всем адресам, изучали этих людей.

Спустя неделю сыщики вышли на след. Задержали троих скотокрадов, изъяли ружье, а также остатки мяса. Экспертиза показала, что стреляли именно из этого ружья.

– Тогда не было никакой цифровизации, электронных баз, – вспоминает Асылбек Ондасынович. – Сиде-





ли и упорно лопатили все журналы вручную. Так раскрыли преступление, виновные понесли наказание.

Еще на заре своей карьеры в Бадамше молодой оперативник Куанов познакомился с выпускницей Медицинского института Тамарой Сеитовой, которая приехала по направлению в районную больницу работать терапевтом. Молодые люди подружились и в 1971 году создали семью.

– В те времена не было ни транспорта, ни других технических средств, – рассказывает Асылбек Ондасынович. – На раскрытия преступлений ездили на попутных машинах, неделями не бывали дома. Не было возможности позвонить или отправить сообщение. Тамара ждала меня. Было нелегко, но она выдержала. Наши молодые годы были счастливыми.

Во время службы Асылбека Куанова

назначали заместителем начальника в Комсомольский район (ныне Айтекеби), затем в Карабутацкий. Расстояния в тех краях большие. Командировки были длительными. Тамара оставалась с двумя детьми одна. Семейный быт лежал на ее хрупких плечах.

– Я благодарен судьбе, что встретил Тамару, – с любовью отзывается о супруге Асылбек Ондасынович. – Мы вместе 52 года. У нас есть сын и дочь, и шесть внуков. Мой отец прожил 92 года. Мать еще жива, ей 95 лет. Они прожили вместе 74 года и всегда были примером крепкой дружной семьи.

После отставки ветеран занялся педагогической деятельностью, чтобы передать свои знания и бесценный опыт будущим юристам. Работал преподавателем, заведующим кафедрой, директором юридического колледжа, ректором Актюбинского института МВД имени М. Букенбаева. Сегодня преподает в университете им. С. Баишева.

Марина КУНДЫКЕРОВА,
Актыбинская область



Құқықтық тәртіптің қатаң сақталуы қоғамымызда заң үстемдігінің берік қалыптасуын қамтамасыз етеді. Әрине, бұл мақсатқа кез келген құқық бұзушылыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу, қылмыстың ізін суытпай ашу арқылы қол жеткізілмек. Осы маңызды жауапкершілікті орындау үшін жамбылдық Криминалдық полиция қызметкерлері кешенді іс-шараларды жүзеге асырып келеді.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК



– Мемлекет басшысының 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылғандай, құқық қорғау жүйесінің басты мақсаты – заңды және қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету. Міне, осы міндет үдесінен шығу бағытында ауқымды іс-шаралар қабылданып, тынымсыз еңбек жасалуда. Соның қорытындысында көрсеткіштер де айтарлықтай оң көрініс тапты, – деді Жамбыл облысының ПД Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Мақсат Юсупов.

Статистикаға жүгінсек, қылмыстың барлық түрлерінен олардың төмендеу динамикасы байқалады. Облыста тіркелген қылмыс саны 19,7%-ға азайып, мәселен былтыр 3728-дің болса, биыл 2995 қысқарған. Оның ішінде ауыр қылмыстар саны – 18,8%-ға, ауыр қылмыстар – 41,7%-ға, орташа қылмыстар саны – 25,9%-ға және ауырлығы төмен қылмыстар 10,2%-ға азайған. Бұған күнделікті тынымсыз еңбектің, қылмыстардың барлық түрлері бойынша профилактикалық және жедел сипаттағы шараларды дереу қабылдау нәтижесінде қол жеткізіліп отыр. Сондай-ақ азаматтардың полицияға дер кезінде жүгінуді көптеген қылмыстарды ізін суытпай ашуға мүмкіндік берді. Қылмыстарды, оның ішінде орташа және төмен ауырлықтағы қылмыстарды ашуға да, алдын алуға да баса назар аударылады.



ҮШІН ЖАЛҒАСАДЫ

ҚАРАША МАЛЫ – ПОЛИЦИЯ ҚОРҒАУЫНДА

Мал ұрлығына қатысты қылмыс көрсеткіші 8,2%-ды құрайды. Жүргізіліп жатқан кешенді шаралар қылмыстың бұл санатын тіркеудің 3,1%-ға төмендеуіне және оларды ашуда өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға жоғарылауына мүмкіндік берді.

Жыл басынан бері мал ұрлығын жасаған 54 адам ұсталып, оның ішінде мал ұрлығымен айналысқан 12 топты Жамбыл, Байзақ, Тұрар Рысқұлов аудандық Полиция бөлімдері анықтаған.

Ұрланған 392 малдың 299 басы, яғни 28 жылқы, 158 бас ірі қара, 133 бас ұсақ мал иелеріне қайтарылды. Бұл жоғалған малдардың 76,2%-н құрады. Әрине, бұл оқиғаларда жедел уәкілдердің кәсіби дағдылары мен шеберліктері арқасында мал ұрыларының жолы кесілді.

Күнкөріс көзі болып табылатын қарашаның малын ұрыларға қолды қылмау үшін алдын алу іс-шаралары белсенді жүргізіледі. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, қараусыз жүрген малдарды орналастыруға арнайы қоршаулар дайындау мәселесі көтеріліп, жер-жерде шешімдерін табуда.

– Малдарды чиптеу іс-шарасы қолға алынып, халыққа

күнкөріс көзін ұры-қарылардың жемтігіне айналдырмаудың жолдары айтылып, түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді, – дейді бұл ретте Криминалдық полиция басқармасының бастығы Мақсат Юсупов.

Тоқсан сайын «Мал ұрлығы» және «Қашар» ауқымды жедел-алдын алу іс-шаралары, сондай-ақ жағдайды тұрақтандыру үшін жекелеген өңірлерде жергілікті тексеру-бақылау жұмыстары өткізіліп тұрады.

Аталмыш шара мал сою немесе етке өткізу орындары жіті тексеріледі. Сондай-ақ жаяу патрульдер мен мобильді топтар алдын ала бекітілген бағыттар мен кестеге сәйкес облыс аумағындағы сегіз мал базарын жұмыс күндері тексереді.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, малды сәйкестендіру тәртібінің және ауыл шаруашылығы жануарларын тасымалдау қағидаларының ветеринарлық талаптарын түсіндіру бойынша рейдтік жедел-алдын алу іс-шаралары жүргізіліп отырады. Сондай-ақ ұрлықтың алдын алу іс-шаралары барысында малды заңсыз тасымалдау деректері анықталатын жайттар кездеседі. Мысалы, жыл басынан бері ӘҚБТК-нің 406-бабы, яғни тиісті құжаттарсыз мал тасымалдағаны үшін жалпы сомасы 16,8 млн теңге айыппұл салына отырып, 406 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Мал жаю ережелерін бұзғаны үшін, яғни ӘҚБТК-нің 408-бабы бойынша 6,1 млн теңге көлемінде мал иелеріне айыппұл салынған 1349 әкімшілік хаттама толтырылған.

– Өз иелігіндегі малға бақылау жасамаудың мал ұрлығына жол ашатыны туралы айтылып, ұдайы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ үй жануарлары, көбінесе жайылымнан адасады, оларды іздеу көп уақытты және адами ресурстарды қажет етеді. Ал қараусыз қалған, өз бетімен кеткен мал жолдағы автокөлік жүргізушілеріне де қауіп төндіреді, – деді өз сөзінде басқарма бастығы.

Криминалдық полиция қызметкерлерінің қырағылығы арқасында ізі суымай ашылған қылмыстар да жеткілікті. Осы жылдың мамыр айында Тараз қаласының 55 жастағы тұрғыны полицияға еркін жайылымнан бір күн бұрын жоғалып кеткен 32 жылқысын іздеуге жәрдем көрсету туралы өтініш білдірді. Жедел-іздеу іс-шараларына Жамбыл ауданының 15 полицейі қатысты. Бір тәуліктен кейін жиырма шақырым жерден жылқылары табылып, иесіне қайтарылды.

КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ДА ТОСҚАУЫЛ БАР

– Қазіргі кезде қылмыспен күресу үшін техникалық және материалдық жабдықтауға барлық жағдайлар жасалған. Меншік иесі туралы деректерді анықтауға, олардың қандай да бір есепте болуына, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін ведомстволық базалар бар, – деді полиция полковнигі Мақсат Юсупов.

Департаментте алаяқтыққа және киберқылмысқа қарсы күрес жөніндегі арнайы жедел-тергеу тобы жұмыс істейді.



Киберпол – ІІМ-де цифрлық технологиялар саласындағы қылмыстармен, басқаша айтқанда, интернет-алаяқтықпен күресу үшін іске қосылған пилоттық жоба.

Арнайы топтың жұмысы екі негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы және әрбір қылмыстық іс шеңберінде жедел-ізвестіру іс-шараларының толықтығын қамтамасыз ету.

Осы жылы өңірдегі киберполиция қызметкерлері 32 кәсіби алаяқты ұстады, олардың 18-і басқа облыстардың тұрғындары. Сондай-ақ алаяқтар өз мақсаттарына жету үшін қолданатын 194 «дроппер» анықталды.

Айта кету керек, биылғы сегіз айда Жамбыл облысының аумағында интернет-алаяқтықтың 143 дерегі тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда қылмыстардың 26,3%-ға төмендеуі байқалады.

Бұл топ кабинеттермен, жаңа техникамен және қосылған базалармен жабдықталған. Топ жұмысында абоненттік нөмір бойынша иелерінің сауалнамалық деректерін анықтайтын «Аргус», сайттарды бұғаттайтын «Кибер қадағалау», телефон нөмірі, email, әлеуметтік желілердегі лақап аты бойынша ақпараттар іздеуді жүзеге асыратын әртүрлі жеке базалар арқылы адамдарды фотосурет бойынша сәйкестендіруге (деанонимизациялауға) арналған «Shadowfinder» пилоттық нұсқасы бағдарламалары кеңінен қолданылады.

Сонымен бірге бірнеше бағытта кешенді алдын алу іс-шаралары қабылданды. Өткен жылдан бері алаяқтықтан зардап шеккен адамдар мен еріктілерді тарта отырып, 40-тан астам бейнеролик дайындалып, тұрғындар назарына жеткізілді. Арнайы дайындалған аудиожазбалар адамдар көп жиналатын орындарда тыңдатылып, барлық сауда үйлерінде, базарларда, ойын-сауық орындарында және өзге де қоғамдық орындарда арнайы буклеттер көпшіліктің назарына ұсынылды. Алаяқтықтың алдын алуға бағытталған материалдар барлық мекемелерге, ұйымдарға және барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарға таратылды.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ІЗІН СУЫТПАЙ АШУ – КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Әрине, қылмыстың ізін суытпай ашуда жамбылдық Криминалдық полиция қызметкерлері өздерінің кәсіби шеберліктерін көрсетуде.

Қылмыстың ізін суытпай ашуда қол жеткізілген көрсеткіштер тек техникалық және материалдық жабдықтарға ғана байланысты емес, сонымен қатар, кәсіби дағдылары жоғары, білікті, жауапты қызметкерлердің үйлесімді жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұл ретте Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Мақсат Юсупов бірқатар әріптестерінің есімдерін мақтанышпен атап өтті.

Бүгінде қызметтік дағдыларын арттырып, кәсіби шеберліктерін танытқан Дарын Аюпов, Досымбек Мұсаев, Әнуар Мырзахметов, Болат Айтжанов, Уәлихан Ағыбаев, Шоқан Әлжанов, Кибар Искандаров сынды тәжірибелі қызметкерлердің жетістіктері әріптестеріне үлгі.

Сонымен бірге қызметтің қиындығы мен тынымсыздығына төзіп, ыстық-суығына көніп, қылмысқа қарсы күресте нәтижелі жұмыс атқаруға ұмтылған өзге де қызметкерлер қатары аз емес. Ең бастысы, олардың барлығы да өздері таңдаған мамандықтарына аса құрметпен қарап, қиындығы мол полиция қызметін адал атқаруда.

Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА,
Астана-Тараз-Астана



ДЕРЖАТЬ РУКУ НА ПУЛЬСЕ

В Алматы в рамках сервисной модели полиции за счет местного бюджета запланировано открытие 30 современных участковых пунктов и 16 сервисных центров, работающих по принципу «шаговой доступности» и направленных на установление партнерских отношений между полицией и местными жителями. Для успешной реализации этих инициатив Проектный офис при акимате города проводит большую работу в рамках направления «Безопасный город».



Первый такой участковый пункт полиции открылся в августе этого года в жилом комплексе «Alem City-1» в Наурызбайском районе. В данном ЖК камеры видеонаблюдения установлены во дворах, подъездах, а также на прилегающей территории, что позволяет правоохранителям вести круглосуточный контроль за безопасностью.

– Наш пункт ставит перед собой ряд важных задач. Прежде всего, мы стремимся обеспечить безопасность в нашем районе. Это включает в себя быстрое реагирование на происшествия и предотвращение преступлений. УПП обеспечен средствами связи, видеонаблюдения и базами данных для быстрого доступа к информации. Благодаря этому мы можем оперативно реагировать на вызовы и эффективно вести расследования, – отметил начальник отдела организации деятельности участковых инспекторов полиции УМПС ДП Алматы майор полиции Айтан Елеусизов.

По его словам, расположение УПП в центре жилого комплекса позволяет участковому инспектору эффективно взаимодействовать с жителями и держать руку на пульсе.

– Еще одной важной целью для нас является налаживание плодотворных отношений с жителями. Мы хотим, чтобы алматинцы знали, что могут обратиться к нам в любое время. Для этого мы организовываем встречи с общественностью и участвуем в различных мероприятиях, – рассказал он.

Что касается сервисных центров, то они позволят снизить уровень напряженности и дискомфорта при обращениях граждан за помощью, разгрузить отделения полиции города, а также повысить эффективность работы правоохранителей. В сервисных центрах полиции будут оказаны 55 видов бесплатных услуг, в том числе: консультации по вопросам миграционного, административного законодательства и другим юридическим вопросам. Также в них будут работать психолог, медиатор. В сервисных центрах предусмотрены ресепшн, зона ожидания, детский уголок.


**Жансерик АУЭЗ,
Алматы**

Хороший специалист – гарант качества

В Алматинской академии МВД РК им. М. Есбулатова в этом году по программе бакалавриата начали обучение 300 курсантов. Здесь также обучаются магистранты, докторанты, слушатели первоначальной подготовки, проходят переподготовку и курсы повышения квалификации действующие сотрудники полиции. Важно отметить, что в последние годы формат обучения и методики совершенствуются с учетом новых вызовов, но при этом главным проводником знаний остается учитель. Президент Касым-Жомарт Токаев в своем Послании отмечал, что движущей силой прогресса в образовании являются преданные своему делу педагоги. Для преподавателей в погонах такой ориентир имеет еще большую значимость. Ведь для полицейского преданность выбранной профессии – это дело чести и офицерского долга. О том, как сегодня работают сотрудники профессорско-преподавательского состава Алматинской академии МВД рассказывает исполняющая обязанности начальника кафедры управления правоохранительной деятельности полковник полиции Майя Токсанова. Ранее она неоднократно поощрялась руководством, получала благодарственные письма от международных и неправительственных организаций, а в этом году была признана лучшим преподавателем учебного заведения.

– МАЙЯ БУЛАТОВНА, В ЭТОМ ГОДУ ВЫ ЗАСЛУЖЕННО БЫЛИ УДОСТОЕНЫ ВЫСОКОГО ЗВАНИЯ «ЛУЧШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ». РАССКАЖИТЕ О СЕБЕ, КАК ВЫ ПРИШЛИ В СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ?

– Родилась я в районном центре Джамбейты Западно-Казахстанской области. В школьные годы была активисткой. В старших классах была старостой и комсоргом. В качестве члена школьной редколлегии выпускала стенгазету, была автором многих выпусков по темам школьной жизни и агитационно-патриотических материалов. Наверно, как и у многих девочек, первые мысли об учительстве закрались еще в школе. Образ учителя Агибы Даулетовны, которая стала примером для подражания, еще больше подогрел эти мечты. Любимый учитель научила анализировать идею художественного произведения, выражать свои мысли, понимать искусство поэзии и раскрыла особенности классической лите-



ратуры. Все это способствовало тому, что я выбрала специальность учителя русского языка и литературы. Но так получилось, что сразу в систему образования я не пришла.

В 1990 году приехала в Алматы и поступила на службу в органы внутренних дел. Знания детской и подростковой психологии, полученные в стенах Уральского педагогического института, пригодились при работе в подразделении по делам несовершеннолетних, где проработала более тринадцати лет. За эти годы участвовала в проекте «Ювенальная юстиция в Казахстане», создании института школьных инспекторов полиции и возглавила работу по данному направлению в Алматы. Сотни подростковых судеб прошли перед моими глазами. Помогла им понять и исправить свои ошибки, вырваться из криминального окружения. Многие на сегодняшний день добились успехов в жизни, нашли свое место и призвание. Считаю это высшей оценкой своего труда.

После окончания Алматинской академии МВД я возглавила подразделение по организации работы ОВД по защите женщин от насилия ДВД Алматы. Этот период службы для меня был особенным. Женщины обращались со своей болью и к каждой надо было найти индивидуальный подход. Как член Комиссии по делам женщин и семейно-демографической политики при акиме города, поднимала вопросы домашнего насилия, предлагала пути решения, в том числе законодательные. Разработала ряд методических рекомендаций по профилактике бытового насилия, выступала в СМИ, учебных заведениях и разных организациях с разъяснениями правовых норм в сфере защиты прав и интересов женщин и семьи. Искренние слова благодарности, с которыми обращались ко мне женщины за участие в решении семейных проблем и вопросах защиты прав детей, оказание своевременной помощи, а на сегодняшний день отзывы от слушателей курсов обучения – лучшая награда в моей службе.

В Алматинскую академию МВД РК им. М. Есбулатова я пришла работать в 2017 году. За это время выпустила учеб-



ные пособия, которые раскрывают методы работы по профилактике бытового насилия, организации деятельности ОВД в чрезвычайных условиях.

Мое основное направление в преподавательской работе – это обучение проектному управлению в деятельности ОВД. Курс активно внедряется и в рамках проекта «Мобильная академия». И, конечно, используя практические знания и опыт, веду занятия по темам организации деятельности ОВД по профилактике правонарушений с учетом новых подходов при переходе на сервисную модель полиции.

– В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА С УЧЕТОМ СТРЕМИТЕЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННЫХ СИСТЕМ СЕГОДНЯ МЕНЯЮТСЯ И ПОДХОДЫ, ТРЕБОВАНИЯ К ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМУ ПРОЦЕССУ. КАКИЕ СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДИКИ ИСПОЛЬЗУЮТСЯ В АКАДЕМИИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ, ЧТО ИЗМЕНИЛОСЬ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ?

– Да, вы правы. За последние годы методики преподавания поменялись, используются различные инновационные программы, интеллектуальные системы, ориентированные на повышение знаний и закрепление навыков. В целом, конечно, большую роль сыграла цифровизация. Такой подход создает надежные предпосылки для повышения качества образования. Сегодня твердо закрепилось такое понятие, как «кейс». Занятие полноценно, если теория закреплена событием,

примером из практики, которые разбирают преподаватели вместе с обучающимися. Практико-ориентированный подход позволяет надежно закрепить в сознании тот или иной ситуативный контент.

Конечно, же улучшить качество образовательного процесса позволяют различные компьютерные программы, мультимедийные проекты. В академии создана киберлаборатория, которая стала площадкой для обучения как курсантов, так и действующих сотрудников навыкам противодействия киберпреступлениям и других видам правонарушений, для раскрытия которых важно выявить цифровые следы.

– БЕЗУСЛОВНО, ЗНАНИЯ – ЭТО ОСНОВА БУДУЩЕЙ ПРОФЕССИИ. НО МЫ ПОНИМАЕМ, ЧТО ТОЛЬКО ЗНАНИЯМИ НЕВОЗМОЖНО ВОСПИТАТЬ ПРЕДАННОГО СВОЕМУ ДЕЛУ СПЕЦИАЛИСТА. ЧТО ЕЩЕ ЛОЖИТСЯ В ОСНОВУ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ВЕДОМСТВЕННОМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ?

– Как и учебные программы, меняются и требования к сотрудникам полиции, которые сегодня переориентированы на работу по принципу сервисной модели. Новые критерии оценки способствуют тому, что приходится искать дополнительные подходы. Во главу угла ставятся вопросы партнерских отношений с обществом. Более того накладывают свой отпечаток современные коммуникационные средства. Все это создает предпосылки для более эффективной работы психологов, специалистов по управ-

лению человеческими ресурсами. Но и, конечно же, как и во все времена, ключевым моментом является воспитательно-идеологическая работа, которая в академии ведется на примерах мужества и преданности профессии. Лидерские лекции с приглашением высокопрофессиональных специалистов из разных сфер деятельности, открытие именных аудиторий, мемориалов славы, проведение различных имиджевых мероприятий – все это задает идеологический посыл.

Я понимаю, что это очень важное направление, ведь выросла на примерах, которые начинались уже в семье. Моя активная жизненная позиция и стремление заслужить уважение и доверие в коллективе – результат воспитания моих родителей. К сожалению, они рано ушли из жизни. Отец, будучи государственным служащим, привил нам чувство патриотизма и ответственности в любом начинании во благо Родины и людей, мама всю жизнь проработала «детским доктором», помогая больным малышам и спасая их жизни. Она научила меня и всех моих сестер чистоте и порядку, всегда говорила, что честным трудом можно добиться многого.

– ИМЕЯ БОЛЬШОЙ ПРАКТИЧЕСКИЙ ОПЫТ, ЗАНИМАЯСЬ СЕГОДНЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ, ЧТО МОЖЕТЕ РАССКАЗАТЬ О РАБОТЕ ПЕДАГОГА В ВЕДОМСТВЕННОМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ? ЕСТЬ МНЕНИЕ, ЧТО ЭТО ГОРАЗДО ЛЕГЧЕ,



ЧЕМ РАБОТАТЬ В ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ПОЛИЦЕЙСКИХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯХ. ТАК ЛИ ЭТО?

– Это ошибочное мнение. И я раньше тоже так думала. Однако сейчас я понимаю, что преподаватель – это тот человек, который закладывает фундамент будущего офицера. И если каждый, кто выйдет из стен нашего учебного заведения, возьмет азы, то мы сможем построить Новую полицию в Новом Казахстане. Не зря говорят: «Век живи – век учишься». Каждый раз перед занятиями я перечитываю теоретический материал по теме, законы. Знания придают мне уверенность.

Быть учителем – большая ответственность. Работа преподавателя – это не только работа в аудитории. Этому предшествует большая подготовительная процедура. Нужно изучить современную литературу, между-

народный опыт, обладать навыками мультимедийной работы, в том числе с учетом конвергентных процессов. Кстати, в академии имеется большой библиотечный фонд, который насчитывает около 300 тысяч экземпляров.

Хочу отметить, что мы постоянно работаем над совершенствованием профессионального уровня. За последние три года лично я прошла четыре курса обучения по профилю. И эти знания нам необходимы.

Номинация «Лучший преподаватель» – для меня большая гордость и признание моего вклада в подготовку специалистов правоохранительной деятельности. Сегодня нашей стране нужны хорошие специалисты. Хороший специалист в любой сфере – гарант качества, а качество – залог успеха и процветания.

– МАЙЯ БУЛАТОВНА, БОЛЬШОЕ СПАСИБО ЗА ТАКУЮ СОДЕРЖАТЕЛЬНУЮ БЕСЕДУ. ГОВОРЯТ, УЧИТЕЛЬ ДАЕТ ПУТЕВКУ В ЖИЗНЬ, ОТКРЫВАЯ ПРОСТОРЫ ЗНАНИЙ. ВЫ, КАК ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВЕДОМСТВЕННОГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ, ДАЕТЕ ПУТЕВКУ БУДУЩИМ ПОЛИЦЕЙСКИМ, ОТ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА КОТОРЫХ ЗАВИСИТ БЕЗОПАСНОСТЬ НАШИХ ГРАЖДАН. ПОЗДРАВЛЯЮ ВАС С ПРАЗДНИКОМ И ЖЕЛАЮ, ЧТОБЫ ВАШИ УЧЕНИКИ ВСЕГДА ДОСТОЙНО НЕСЛИ ЗВАНИЕ ОФИЦЕРА ПОЛИЦИИ.

Динара САГАНДЫКОВА,
Алматы





ЖАРАСТЫҚПЕН АПЫРАҚ

ЖАЙҒАН ЖАНҰЯ

Жарасымды отбасы болудың түп қазығы – жұбайлардың бір-біріне деген сөнбейтін сезімі мен құрметі. Сонда ғана жас шаңырақтың босағасы жылдар өткен сайын беки түсіп, қарашаңыраққа айналады. Өмірдің ұлы жолына қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Босағаларың берік болсын!» деген тілектің айтылатыны содан шығар.

Саят пен Лилия көтерген шаңырақ та осындай тілекпен тұғырланып, бүгінде ел сүйсінер жарастықпен жапырақ жайып келеді. Екі жасты табыстырған да, жарастырған да ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы. Саят пен Лилия академияда оқыған төрт жыл бойы бір топта, бір партада отырды. 2011 жылы шаңырақ көтерді. Елдің тұтастығы мен отбасынан басталар Отанның тұтқасы – өнегелі шаңырақ десек, Саят пен Лилия Сандыбаевтар осындай шаңырақ иесі. Сонымен қатар олар бірнеше ұлтты жарастырған жанұя.

– Менің әке-шешем – татар ұлтының өкілдері. Саяттың анасы ұйғыр, әкесі қазақ. Бірақ құда-құдағайлар да өзара татулығы жарасқан әулет. Қайта бас қосқанда үлкендеріміз әр ұлттың өзіндік ерекшелігін, бауырмалдық қасиеттерін айтып, пікірлесіп отырады. Ал біздің отбасымызда таза қазақ

дәстүрі салтанат құрған. Қазақтың ұлттық тағамдарын тұтынамыз. Менің Наурыз көжемнің дәмін академиядағы әріптестерім жақсы біледі. Әр ұлттың өкілі болсақ та, бізді біріктіретін мұсылман халқына тән салт-дәстүр мен тәрбие. Үш ұлымның аты да қазақша – Әмір, Айсұлтан, Аңсар. Балалардың есімін міндетті түрде Саяттың әкесі қояды, – дейді Лилия.

Оның осы сөздерінен-ақ нағыз қазақ келінінің ибалы мінезінің лебі еседі.

Өзара ынтымағы жарасқан жанұяның иесі Саят Сандыбаев бүгінде банк қызметкері болса, Лилия Сандыбаева Алматы академиясы Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының оқытушысы, полиция майоры.

Шаңырақтың берекесі мен ырысы әйелдің қолында екенін өзінің сыпайы мінезімен, сүйкімді болмысымен дә-

лелдеп жүрген Лилия Сандыбаева – тек сүйікті жар, бір әулеттің құрметті келіні, аяулы ана ғана емес, өзі сүйіп таңдаған мамандығын мақтаныш тұтатын жан.

– Отбасым – менің баға жетпес байлығым. Бүгінгідей дүниенің дөңгелегін білімнің күші айналдыратын заманда білім алудың маңызы зор. Оған мүмкіндік те мол. Біз Лилия екеуіміз отбасын құрған соң да осы мақсатымызды бірлесіп жүріп орындадық. Алматы академиясын бірге бітірген соң магистратураны да екеуіміз бірге аяқтадық. Биыл Халықаралық транспорт-гуманитарлық университетін де бірге бітірдік. Ендігі мақсатымыз – саналы да білімді ұрпақ өсіріп, елімізге адал қызмет ету, – дейді берекелі шаңырақтың иесі Саят Сандыбаев.

**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,
Алматы қаласы**

«СЕН ҚҰРМЕТТЕ ОНЫ!»

«Сен құрметте оны,
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде,
Ол жауға қарсы шапты.
Бізді жалмамақ болған ажалды,
Ол кеудесімен қақты.

Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үстіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?

Сенің келешегің үшін берді ол,
Азаттық жолында аяғын!» деп
ақиық ақын Әбу Сәрсенбаев толға-
на төкпелеп, жыр арнаған Ұлы Отан
соғысының тағы бір майдангерінің,
құқық қорғау саласы ардагерінің
рухына бас ие отырып, өмір дерегінен
сыр суыртпақтадық.



Ұлы Отан соғысының ардагері Қабдолла Нұрғалиев 1914 жылдың 5 қаңтар күні Батыс Қазақстан облысы Орда ауданының Жетібай ауылында дүниеге келді. Ата-анасы кедей шаруа адамдар болса керек. Әкесі Нұрғали Төребаев 1917 жылы науқастанып қайтыс болса, анасы Қазиза Төребаева 1927 жылы өмірден озады. Жастай жетімдіктің кермек дәмін татқан Қабдолланың отбасында үш апасы мен жалғыз қарындасы болған. Алғашқыда үш жылдай ауыл молдасынан мұсылманша сабақ алып, араб әліпбиін өте жақсы меңгерген Қабдолла Құран аяттарын жатқа біліп, Құран кітабын өте жақсы оқыған екен. Бірақ сонау атеистік саясаттың мызғымаған уақытында осынау құпиясын ешкімге білдірмей, жасырын

ұстапты. 1933 жылы Орда ауылына көшіп келген Қабдолла 1934 жылы Қадиша есімді бойжеткенмен отбасын құрған. Зайыбы Қадиша Нұрғалиева 1942 жылдан бастап Крупская атындағы Балалар үйінде тәрбиеші болып жұмыс жасады. Зейнеткерлік жасқа жеткенше Жәнібек ауданының орталығындағы Абай атындағы мектеп-интернатта қарапайым жұмысшы болып қызмет атқарды.

Қабдолла Нұрғалиев жиырма жасына дейін науқастануына байланысты жұмыс жасамаған. 1934-1938 жылдары Орда ауданының Сайқын ауылдық кеңесіне қарасты Сталин атындағы ұжымшарда есепші және қойма меңгерушісі болып қызмет етеді. 1938-1942 жылдар аралығында кіші милиция шенінде Орда аудандық Ішкі істер Халық комиссариатында қызмет атқарған. 1942 жылдың қыркүйек айында Қызыл Армия қатарына шақырылған Қабдолла Нұрғалиев 173-артиллериялық полк сапында ІІІ Украин майданындағы ұрыстарға қатысқан. Соғыс барысында үш рет жарақат алған. Немересі Анаргүл Ғабдуллинаның естелігіне сүйенсек, бір ұрыста өзі жаралы болса да, ас-сусыз қалған қаруластарының қамы үшін оқтың қарша жауып тұрғанына қарамастан, жараланған жылқыларды сойып, етін алып келген. Сөйтіп, жаралы жауынгерлерге тамақ дайындаған екен. Махачкала қаласының емханасында емделіп, алдағы уақытта әскерге жарамсыз болуына

ТҮСІНДІҢ БЕ, ҚАРАҒЫМ?»

байланысты 1944 жылы шілде айында әскерден босатылады. Әскерден оралған соң сол жылы Орда ауданының Халық комиссариаты Мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің милициясы болып қызметін жалғастырады. Орда ауданында 1952 жылға дейін осы қызметті атқарып, кейін жұмыс бабымен көршілес Жаңақала ауданының Жаңа Қазан ауылына қоныс аударады. Жаңақала ауданында 1961 жылға дейін жұмыс істейді. Содан кейін Жәнібек ауданының Ішкі істер бөліміне старшина шенінде қызмет атқаруға келеді.

Аталмыш аудандардағы Ішкі істер бөлімінде Хален Махауов, Финият Минажев, Қыдыраш Алтаев, Сәлімгерей Қажекенов, Хамза Кереев, Қадырболат Ғаббасов сынды өз ісінің мамандары атанған еңбекқор жандармен қызметтес болады. Ішкі істер органында 29 жылдан астам еңбек етіп, 1969 жылы зейнеткерлік демалысына шығады.

Майдангер Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «КСРО Қарулы Күштеріне – 50, 60 жыл», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 40 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы айбынды еңбегі үшін», «Кеңес Армиясы мен Флотының 30 жылдығы», «Кеңес мили-

циясының 50 жылдығы», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен және «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Зейнеткерлікке шыққанымен сергек қария еңбектен қалмай, бау-бақша салып, шөбін орып, малын бақты. 1989 жылдың 20 тамызында дүниеден озды.

– Атам кезінде соғыс туралы көптеген әңгімелер айтушы еді, бірақ, өкінішке қарай, қағаз бетіне түсіріп алмаппыз. Өз білімін әрдайым көтеріп отыратын, еске сақтау қабілетінің мықтылығы соншалық, жер шарындағы мемлекеттердің астанасын, басысын, халық санын, жер көлемін бес саусақтай білетін. Ардақты атамыз Нурия, Бакия атты қызы мен Сәбит атты ұлын тәрбиеледі. Нурия апам ұзақ жылдар бойы Жәнібек ауылындағы Т. Жароков атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарса, Бакия апа медицина саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етті, әкем Сәбит инженерлік мамандықты игерді. Нурия апаның ұлдары Бауыржан кеденші, Әділжан, Нұржан, Жасталап заңгер мамандығын игеріп, атамның ізін басып, құқық қорғау саласында қызмет атқарса, Бакия апаның қос қызғалдағы Гүлмира мен Гүлнұр жеткіншектерді білім нәрімен сусындатуда. Әкеміз Сәбиттің тұңғышы, менің мамандығым – экономист, Айнагүл – эколог, Айгүл – ветеринар, Айкөркем заңгер ретінде өз еңбегіміздің жемісін терудеміз. Атам жұмысына адал, тиянақты,

жауапкершілігі мол, дос-жаранға қамқор адам болды, – деп еске алады атасын немересі Анаргүл.

«Бұл Жеңіс – бүкіл соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен рухының жеңісі. Отан үшін отқа түскен өршілдік пен елшілдіктің өшпес айғағы, аталарымыз бен аналарымыздың тылдағы маңдай терінің арқасы. Міне, содан бері талай ұрпақ жаңғырып, заман жаңарды. Әйтсе де, соғыс табы әлі де толық жойыла қойған жоқ. Қайта сол соғыстағы Ұлы Жеңістің айбыны алмастай жарқырап, арта түсті. Ол да болса бейбіт заман, берекелі тірліктің жемісі. Қазақ қазақ болғалы қаншама сұрапылды, зар заман зұлматты көрді. Осынау сайын даланы қорғап қалған бабаларымыз да, сол даланың сайтөбелеріндегі сан мыңдаған мазарлар да – жанкешті шайқастардың, жарқын жеңістердің куәсі. Дана халқымыздың даңқты шежіресі, еліміздің тағылымды тарихы» деп тарих ғылымдарының докторы, академик Тілеу Көлбаев айтқандай, қан майданда ерлік көрсетіп, елін қорғап, бейбіт өмірде «Ең алдымен – ел қамы, содан кейін – қалғаны» деген ұстаныммен адал еңбек етіп, қоғам мен отбасының алдында азаматтық парызына қылау түсірмеген Қабдолла атаның есімін жерлестерінің ұмытпасы анық.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облысы
Жәнібек ауданы



Қылмыспен күрес – орасан зор жауапкершілік

Кезінде Әулиеата атанған Жамбыл облысындағы қызметтік іссапарымның барысында Жамбыл аудандық Полиция бөліміне арнайы ат басын бұрдым. Себебі аумағы жағынан аса көлемді болмаса да, елді мекендері тығыз әрі облыс орталығымен іргелес орналасқандықтан да құқық тәртібін қорғайтын полиция қызметкерлерінің арқалаған жүгі де салмақты, міндеттері де маңызды, жұмысы да өте күрделі екені анық. Міне, осынау міндеттерді іске асыруда үлкен жауапкершілік жүктелгенін Жамбыл аудандық Полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ардақ Мадимаровпен құрылған сұхбатымыздың барысында да байқадық.

– АРДАҚ ТІЛЕГЕНҰЛЫ, АУДАНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ АХУАЛҒА ТОҚТАЛСАҢЫЗ, ОНЫ ТҰРАҚТЫ ДЕП АЙТА АЛАСЫЗ БА?

– Біздің ауданымыз облыс орталығымен іргелес орналасқан. Сондықтан болар, халықтың тұрақтануы өте тығыз. Бұл да біздің жұмысымыздың соншалықты күрделі екенін көрсетеді.

Айта кетейін, ауданымыздың аумағы салыстырмалы түрде алып қарағанда, аса көлемді болмағанымен, құрамында 17 ауылдық округ және 42 елді мекен орналасқан, халық саны 87 мыңға жуық.

Дегенмен, аудандағы қылмыстық ахуал өткен жылдармен салыстырғанда тұрақты деп анық айта аламын.

Осы жылдың сегіз айында құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес бойынша жедел-профилактикалық кешенді іс-шараларын жүргізу кезінде барлығы 136 қылмыс фактісі тіркелді, ал өткен жылдың сәйкес мерзімінде 173 қылмыс тіркелген болатын. Яғни, бұдан жалпы қылмыс санының 21,4%-ға төмендегенін көреміз.

Тоқтала кетейін, жыл басынан бері алғанда 78 қылмыстық іс сотқа жолданды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен жоғары. Сонымен қатар жалпы қылмыстың ашылуы 65%, яғни өткен жылмен салыстырғанда қылмыстың ашылуы 10,5%-ға артты.

Сонымен бірге жедел-профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде ауыр қылмыстар деңгейі – 35,3%, аса ауыр қылмыстар – 80%, ауырлығы орташа қылмыстар – 18,6%, және ұсақ қылмыстар саны 21,6% төмендеді.

– ХАЛЫҚ ПОЛИЦИЯНЫ ҚАУІП-ҚАТЕРДЕН ҚОРҒАЙТЫН ОРГАН РЕТİNДЕ КӨРЕДІ. СОНДЫҚТАН ДА «ЖҰРТҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ» ҚАҒИДАТЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚҰҚЫҚ САҚШЫЛАРЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ БОЛСА КЕРЕК. БҰЛ РЕТТЕ ТІЛГЕ ТИЕК БОЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР ҚАНДАЙ?

– Дұрыс айтасыз, қиын жағдайға тап болған жандар, ең алдымен, полициядан қорғаныс, көмек күтеді. Сол кезде полицияға жүгінген қарапайым тұрғындарға олардың шағымдарын қабылдау, істің ақ-қарасын ажырату, арыз-талаптарын заң шеңберінде қанағаттандыру үшін де қызметтік сервис оңтайландырылуда, полиция жұмысының барынша ашық болуы қамтамасыз етілуде.

Сервистік полиция аясында халықпен, тұрғындармен жеке қабылдаулар, жалпы кездесулер жоспарлы



түрде әрі жиі ұйымдастырылады. Бұл ретте айта кетсем, өзім аудандық Полиция бөлімінің бастығы ретінде арызбен келген адамдарды тәулік бойына қабылдаймын. Жыл басынан бері әртүрлі сұрақтармен 230 қабылдау жүргізілді. Қабылдаулар барысында түскен шағымдар мен арыздар өз шешімдерін тапты.

Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде аудан тұрғындарын қабылдау уақыты мен мерзімі туралы ардайым жарияланып тұрады. Арнайы іске қосылған сенім телефоны тәулік бойына жұмыс істейді. Сондай-ақ

халыққа қажетті түрлі жаңалықтар, қылмыстық әрекеттерден сақтандыру бағытындағы ескертулер «Instagram» және тағы басқа да әлеуметтік желілер арқылы кеңінен жеткізіледі. Бұл іс-шаралар да халықпен тығыз байланыс орнату құралдарының бірі болып табылады.

– ӘЛБЕТТЕ, ХАЛЫҚПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕУ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛСА, УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЕСКЕ ТҮСЕДІ ЕМЕС ПЕ?..

– Әрине, кез келген жергілікті тұрғындармен қоян-қолтық аралас жұмыс жасайтын қызмет өкілі – осы учаскелік полиция инспекторлары. Олардың қызметтік іс-қимылдары «Учаскелік полиция пунктінің жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ-нің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1095 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Аумаққа бекітілген учаскелік полиция инспекторлары тұрғындармен тоқсан сайын кемінде бір рет халықпен кездесу өткізіп, атқарылған жұмыстары бойынша мүдделі тұлғалардың қатысуымен халық алдында есеп береді. Бұл учаскелік инспекторларымыздың жауап-



кершілігін күшейтеді әрі тұрғындармен байланысын нығайта түседі.

Қазіргі уақытта аудан аумағында өткізіліп жатқан «Аумақ» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында шаруа қожалықтарының құрамын тексеру кезінде ҚР ҚК-нің 287-бабы және ҚР ӘҚБтК 482-бабы бойынша тіркелмеген екі қару тәркіленді. Сонымен қатар осы жедел-профилактикалық іс-шара барысында ҚР ӘҚБтК 200-бабы бойынша 21 жасқа толмағандарға алкогольдік өнімдерді заңсыз сатудың 10 дерегі анықталып, дүкендердің иесіне айыппұл салынды. Аталған сауда

ҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ-ЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ? ОСЫ БАҒЫТТА ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН, БІЛІМ МЕКЕМЕ-ЛЕРІМЕН БІРЛЕСКЕН ІС-ШАРАЛАР БАР МА?

– Иә, қоғамның болашағы бүгінгі ұрпақтың тәртібі мен тәрбиесіне байланысты екені рас. Сондықтан да мүдделі мемлекеттік ұйымдармен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақса-

аса ата-аналар жиналысы, бұқаралық ақпарат құралдарында отыздан астам сөз сөйлеу ұйымдастырылды. Екі кең ауқымды акция және сегіз жедел-профилактикалық іс-шара өткізілді, жеті дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Өткен кезеңде жалпы білім беру және арнайы орта оқу мекемелерінде 86 дәріс оқылып, онда интернет-алаяқтарға, нашақорлық және салауатты өмір салтын ұстану, жол жүру ережесін сақтау бойынша «Жас жолаушы және жол жүру ережесі», «Жас жүргізуші», «Балалардың жолкөлік оқиғаларынан зақымдануының алдын алу», «Жол жүру ережесін сыйлаңдар» және басқа да тақырыптар қозғалды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты қылмыс пен құқық бұзушылықтар профилактикасы мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар барысында жалпы 208 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта тұрғын үй-жайдан заңды өкілдерсіз жүргені бойынша 191 факті және осы әрекетті қайталаудың екі фактісі анықталып, заңда белгіленген мөлшерде ата-аналарына айыппұл салынды. ӘҚБтК-нің 435-бабы кәмелетке толмағанның ұсақ бұзақылық жасау әрекеті бойынша жеті факті тіркеліп, 84525 теңге айыппұл салынды. Сонымен бірге кәмелетке толмағанға темекі өнімін сату және кәмелеттік жасқа толмағанның арнаулы қызметтерді жалған шақыруы құқық бұзушылықтарының әрқайсысы бір-бір фактіден анықталып, оларға қатысты әкімшілік шара қабылданды. Ата-ана міндетін дұрыс орындамауға байланысты 127-бап бойынша алты факті анықталып, барлығы 207000 теңге көлемінде айыппұл мемлекет кірісіне өндірілді. Сонымен бірге ата-ана құқығынан айыру жөніндегі әкімшілік жаза бір ата-анаға қатысты қолданылды.

– ЖАЛПЫ АЛҒАНДА, ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕ ЖАБАЙЫ ҚАРАСОРА ӨСЕТІН ШУ АЛҚАБЫ БАР. БҰЛ РЕТТЕ ЕСІРТКІНІҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕР-



түріне арналған лицензиялары әртүрлі уақытқа тоқтатылды. Аталған іс-шара нәтижесінде учаскелік полиция инспекторлары Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз жұмыс жасаған Өзбекстанның 18 азаматы анықталды. Оларға қатысты іс ҚР ӘҚБтК 517-бабының 5-бөлігімен сотқа жолданды және соттың қаулысымен олар Қазақстан аумағынан шығарылды.

– БҮГІНГІ КҮНІ ҚОҒАМ АЛДЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛҒАНЫ РАС. БҰЛ РЕТТЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ, ОЛАР-

тында кешенді іс-шаралар қабылдануда. Бұл ретте біз білім беру орындарымен тікелей байланыста жұмыс істеп отырмыз.

Жыл басынан бері кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты қылмыс пен құқық бұзушылықтар профилактикасы мақсатында бірлескен 61 рейд және 34 мектепішілік рейдтік іс-шаралар жүргізіліп, бірнеше құқық бұзушылықтардың жолы кесілді. Жүргізілген рейдтердің қорытындысы бойынша панасыз және қадағалаусыз қалған кәмелетке толмағандар анықталған жоқ. Ауданның оқу орындарында құқықтық тақырыпқа жүзге жуық дәріс және кездесу, елуден



МЕУ, НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН БА? АУДАН КӨЛЕМІНДЕГІ НАШАҚОРЛАРДЫҢ САНЫ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА ҚАЛАЙ ӨЗГЕРУДЕ?

– Аудан көлемінде де есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, нашақорлықтың алдын алу іс-шаралары белсенді жүргізіледі. Өңіріміздегі Шу алқабында жабайы қарасораның өсуі бізге аталған бағыттағы жұмысымызды ұдайы белсенді жүргізуге, есірткілік заттың таралуының жолын кесуге міндеттейді. Сол себепті бұл бағытта да тынымсыз жұмыс жүргізіледі.

ҚР ҚК-нің 300-бабының талаптарына сәйкес, яғни құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған есірткі заттарын егіп-өсіру дерегі бойынша ауыр санаттағы алты қылмыстық әрекет анықталып, күдікті тұлғалар қамаққа алынды. Сот үкімі бойынша заң шеңберінде бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Сонымен қатар қызметкерлеріміздің кәсіби дағдылары мен шеберліктерінің арқасында «Қарасора» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізу кезінде есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді сату мақсатынсыз заңсыз өзімен бірге алып жүру, қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну деректері анықталып, сол 24 факті бойынша ҚР ҚК-нің 296-бабына сәйкес іс хаттамалық

нысанда сотқа жолданып, заңды шешімдер қабылданды.

Айта кетейін, біздің Жамбыл ауданы Қырғыз Республикасымен шектесетіндіктен, аумағымызда Мемлекеттік шекара бақылау бекеті бар. Осыған байланысты Шекара бақылау бекетінің қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар өткізіліп тұрады. Жыл басынан бері шет мемлекет тұрғындарының шекарадан есірткі заттарын заңсыз өткізудің, яғни ҚР ҚК-нің 286-бабы бойынша орын алған заң бұзушылықтың бес фактісі анықталып, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалып, қылмыстық істер сотқа жолданды.

Қазіргі таңда есірткі заттары сол тектес қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы жылы есірткі қылмыстарын анықтау, жолын кесу және алдын алу мақсатында Жамбыл облысы ПД нұсқауына сәйкес «Допинг» деген шартты атаумен есірткіге қатысты жедел алдын-алу іс-шаралары тұрақты жүргізіліп отыр.

Осы жылдың маусым айынан басталған «Қарасора» ЖПІШ қазан айының соңына дейін жалғасады. Қазіргі уақытта барлығы 24 қылмыстық құқық бұзушылық анықталды. Заңсыз айналымнан 3,5 тонна есірткі заттары алынып, жойылды.

ҚР ӘҚБтК 420-бабы, яғни жабайы сораны жоюға шара қолданбау әрекеті бойынша жеті құқық бұзушылық анықталды.

Аудан аумағында есірткінің таралуына жол бермеу мақсатында аудандық әкімдікпен бірлесе отырып, құмды өңірде он бес мың сотықтан астам жер телімінде жабайы қарасора өсімдігін жою іс-шарасы жүзеге асырылды.

– БҮГІНДЕ ЗАМАНАУИ ҚЫЛМЫС ТҮРІ БОП ТАБЫЛАТЫН ТҮРЛІ АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАП ОТЫРСЫЗДАР?

– Әрине, қылмысқа күрестің ең ұтымды шарты олардың алдын алу ғой. Қазіргі кезде алаяқтықтың түрлері де, яғни жасалу жолдары да көбейіп кетті. Интернет, әлеуметтік желілер, ұялы телефон құралдары арқылы түрлі айла-тәсілдерді қолданатын құқық бұзушылықтардың алдын алу іс-шаралары жан-жақты жүргізіледі. Оған Полиция бөлімінің бір қызметі ғана емес, барлық салалардағы қызметкерлеріміз атсалысады. Учаскелік инспекторлар ескерту шараларын, бейнероликтер және басқа да ақпараттық түсіндірме жұмыстарын ұялы телефондарындағы ортақ чаттары арқылы тікелей тұрғындардың назарына жеткізеді. Сонымен бірге алаяқтық қылмыстарының алдын алу мақсатында халық көп жиналатын орындарда, оның ішінде ХҚКО, мектептермен балабақшаларда, үлкен сауда орындарында, базарларда және тағы басқа мекемелерде ескерту қағаздары ілініп, тұрғындарға

түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Осы жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың фото, бейнежазбалары түсіріліп, әлеуметтік желілерде таратылып отырады.

– АУДАНЫҢ БІРНеше АУЫЛДЫҚ МЕКЕНДЕРДЕН ТҰРАТЫНЫН ЕСКЕРСЕК, ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МАЛ ӨСІРУМЕН АЙНАЛЫСАТЫНЫ АНЫҚ. МАЛ ҰРЛЫҒЫ ЖАЛПЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАНДАЙ БӨЛІГІН ҚҰРАЙДЫ?

– Жамбыл ауданы тұрғындарының басты табыс көзі – мал шаруашылығы, сондықтан қылмыстың бұл түрі бізді айналып өтпейді. Қазіргі уақытта мал ұрлығы, жалпы алғанда, қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі ғой. Тұрғындардың күнкөрісіне үлкен септігін тигізетін мал басының аман болуын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шаралар қабылдадық. Жыл басынан бері тоғыз қылмыстық іс тіркеліп, оның жетеуі бойынша қылмыстық іс ашылды, күдікті тұлғаларға қатысты қылмыстық істер сотқа жолданды.

Атап айтқанда, ағымдағы жаз мезгілінде Жамбыл ауданы Қаракемер ауылында кенеттен асыл тұқымды малдар жоғала бастады. Барлығы 19 бас жылқы ұрлығы бойынша Жамбыл аудандық Полиция бөліміне арыздар келіп түсіп, жәбірленушілерге барлығы 10 млн. 440 мың теңгеге зиян келтірілгені анықталды. Аталған дерек осы жылдың 13 маусымында Жамбыл аудандық Полиция бөлімінде тіркеліп, жедел іздестіру іс-шаралары қабылданды. Оның барысында күдікті тұлғалар анықталды, яғни осы ауылдың 36 жастағы М. және Ш. есімді азаматтары қылмыс үстінде қолға түсті. Тергеу барысында мал ұрлығын жасаған күдікті бұл әрекетке құмар ойындарды ойнау салдарынан барғанын және одан бөлек өзінің қомақты қаржысын құмар ойындарға жұмсағанын айтты.

Сонымен қатар ұрланған жылқылардың ішінде құны 1,5 млн және 2,5 млн теңге аралығындағы асыл тұқымды, бәйге және көкпар ойындарында жүлделі болған жылқылар болған. Қылмыскер келтірген шығын жәбірленушілерге тергеу барысында өтелді. Күдіктілер осы жылдың 28 шілдесінде Жамбыл аудандық сотының үкімімен бес жылға

бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Қазіргі таңда 19 қыркүйекте келіп түскен аудандағы Қаракемер ауылының аумағында орналасқан шаруа қожалығындағы қора-жайдан 50 бас қойдың ұрланғаны туралы арыз бойынша тиісті жедел іздестіру іс-шаралары жүргізілді. Аудандық Полиция бөлімінің қызметкерлерімен аталған деректі ізін суытпай ашу барысында Қаракемер ауылындағы көрші орналасқан шаруа қожалығының малшысы, 35 жастағы тұлға күдікті деп анықталып, одан 50 бас қой алынды. Күдіктіге қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалып, тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Тұрмыстық қажеттілік үшін маңызы зор төрт түлік малдарының ұрлығын ізін суытпай ашып, тұрғындардың алғысына бөленген Жамбыл аудандық ПБ учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны М.Балажанов және Криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция капитаны Б.Үкібасов Жамбыл облысы Полиция департаментінің грамотасымен марапатталды.

Сонымен бірге мал ұрлығының алдын алу мақсатында аудандық Полиция бөлімінің қызметкерлері азаматтарға қашан да қырағы болуды, малды қараусыз қалдырмауды және жайылымды тек заңнаманың белгіленген нормаларына сәйкес ұйымдастыруды бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы күнделікті ескертіп отырады.

– АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ АРНАУЛЫ БІЛІМІ БАР КАДРЛАРМЕН, ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАНДАРМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛҒАН БА?

– Кадр мәселесінде аудан көлемінде проблема жоқ деп айта аламын. Жалпы, Жамбыл ауданы Полиция бөлімінің негізгі құрамы ІІМ академиясының түлектерімен қамтылған. Атап айтқанда, қызметкерлердің басым көпшілігі арнайы сараптаулардан өткен, өздерінің біліктілігін көрсете білген тәжірибелі мамандар. Бөлімде кадр тапшылығы жоқ. Полиция бөліміне жаңадан қызметке тағайындалған жас мамандарға тәлімгерлер та-

ғайындалған.

– ЖАМБЫЛ АУДАНЫН ШАЛҒАЙ АУДАН ДЕП АЙТА АЛМАЙМЫЗ, СЕБЕБИ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН. ДЕГЕНМЕН, АУДАНЫҚ БӨЛІМНІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАЛУЫ ТАЛАПҚА САЙ ҚАМТЫЛҒАН БА?

– Жамбыл ауданының Полиция бөлімі аудан әкімдігіне берген өтінімінің негізінде фотоаппарат, бейнекамера, үстел, орындық, кресло, экраны бар проектор, компьютер жиынтығы, дрон, автомобильді бейнетіркегіш және тағы басқа да қажетті материалдық құндылықтар алды. Алынған материалдық құндылықтардың жалпы сомасы 20 миллион 299 мың теңгені құрады.

Қазіргі таңда аудандық Полиция бөлімінің ғимаратына ағымдық жөндеу жұмыстарына 52,0 миллион теңгеге сметалық құжат дайындалып, аудандық бюджетке өтінім берілді. Жалпы, қызмет атқаруға қажетті материалдық жағдай жаңартылуда.

– КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ – ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ. БҰЛ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТЫҢ АУДАН ДЕҢГЕЙІНДЕГІ КӨРІНІСІ ҚАНДАЙ?

– Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудандағы 39 мектептің барлығында да 100% бейнебақылау камералары орнатылған, оларда барлығы 1107 дана камера бар. Бұл бейнебақылау камераларының 477-і, яғни 47,2% -ы – цифрлық, 630-ы (52,8%) – аналогтық. Орнатылған бейнебақылау камералары аудандық Полиция бөліміне шоғырландырылған. Яғни бейнебақылау камераларындағы көріністер кезекші бөлімнің бақылауына қосылған. Осындай замануи бейнебақылау камераларының орнатылуы құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға үлкен септігін тигізуде.

– СҰХБАТЫҢЫЗҒА РАХМЕТ.

**Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА,
Астана-Тараз-Астана**

Работа – делать людей счастливыми

Два высших образования, бизнес, передовой женский взвод дорожной полиции, работа в пресс-службе Комитета административной полиции МВД, организация авторских туров в самые разные уголки планеты. Ирина Лукьянина наполняет свой жизненный путь творчеством и путешествиями, делась радостью от открытий с другими.



В полицию она пришла в достаточно зрелом возрасте, в 28 лет. Это решение не было спонтанным, за плечами были химфак КазГУ и работа в судебной экспертизе, второе высшее по направлению «юриспруденция».

– Я получила второе образование, но это были 90-ые годы, когда не были востребованы рабочие специальности или высшее образование. Тогда я, как и все, стала заниматься шоп-туризмом: привозить из Турции вещи и продавать здесь. Ну, и к 28-ми годам у меня было два высших образования, таскание тюков на базаре и умение водить машину. Тогда, как бы банально это не звучало, я увидела в газете объявление о том, что набирают женский взвод в дорожную полицию. Посчитала, что это должно быть интересно, и вот так, с двумя высшими стала рядовым полицией, пройдя отбор на конкурсе. Началась моя карьера в дорожной полиции. Два года я простояла на улице, на линии, как мы говорим. В то время не было автопатрулей, в основном стояли пешие патрули, – рассказывает Ирина.

После этого ее уже пригласили работать в управленческий аппарат дорожной полиции столицы, затем в Комитет дорожной полиции, Комитет

административной полиции МВД. Там она занималась вопросами профилактики нарушений ПДД и проблемами детского дорожно-транспортного травматизма. Такая работа была хорошо знакома девушке благодаря первому педагогическому образованию. И впредь, до самой пенсии, Ирина посвятила себя вопросам профилактики ДТП, обучению детей Правилам дорожного движения, работе по разъяснению законодательства и взаимодействию со СМИ. За это время она прошла путь от рядового до подполковника полиции.

КОМПЕТЕНТНОСТЬ В ПРИОРИТЕТЕ

В то время столица только переехала, еще даже не поменяла название, и хотелось чего-то нового, красивого, чем бы город отличался от других. В женском взводе было 30 человек, и отбор, требования к кандидаткам были намного выше, чем к обычным сотрудникам. Девушкам потребовалось почти девять месяцев, чтобы пройти подготовку. Сначала обучали теории в самом ДВД, потом – три месяца в школе первоначальной подготовки на казарменном положении. Строевая, физическая, юридическая подготовка – мини-университет. Для поддержания уровня знаний сотрудницы взвода каждый месяц сдавали Правила дорожного движения на специальных аппаратах, фигурное вождение автомобиля. Ирина признается, что до сих пор может цитировать наизусть пункты ПДД.

Для чего все это было? Не секрет,

что в нашем обществе с уклоном на патриархат в то время отношение к женщинам-патрульным могло быть предвзятым, поэтому необходимо было быть безупречными во всем. Бескомпромиссность, непредвзятость и абсолютное знание правил и законов стали надежным щитом и отличительной особенностью женского взвода дорожной полиции. Именно за эти качества ему дали карт-бланш, была политическая воля «навести порядок в столице». Сотрудниц размещали на ключевых постах: базарах, вокзалах, – где в основном когда-то брали взятки. Ирина сетует, что уровень той подготовки в настоящее время потерян.

– То, что сейчас ведется так много видеофиксации – это идет как неопровержимое доказательство, что факт нарушения был. Раньше нужно было доказывать, разъяснять правила без запинки, чтобы исключить любые возражения нарушителя, – считает она.

Хорошая юридическая подготовка, по ее мнению, исключает появление комичных ситуаций, когда водитель оказывается более подкованным в вопросе, чем полицейский, снимает разговор на видео и выкладывает в сеть. Можно сказать, что на пути формирования доверия и уважения к сотрудникам органов их компетентность – основной пункт.

Несмотря на глубокие знания и отличную физическую подготовку было сложно и страшновато взаимодействовать с пьяными водителями. Поэтому у женского взвода были низкие показатели по их выявлению. А спустя какое-то время треть женского коллектива вышла



замуж, ушла в декрет. В силу этих и иных обстоятельств спустя два года женский взвод был расформирован.

ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

В силу профессии у Ирины всегда было много командировок в страны СНГ. Проводились межгосударственные конкурсы юных инспекторов дорожного движения. Еще в самом начале карьеры она с коллегами возродила отряды юных инспекторов дорожного движения, которые были в советское время. Ученики формировали отряды в школах, рассказывали своим сверстникам, младшим классам о соблюдении ПДД, устраивали дежурства возле школ, чтобы дети не выбегали на проезжую часть, выпускали стенгазету с нарушителями.

Сотрудники полиции, участвовавшие в возрождении движения, считали это большим достижением. Среди многих стран СНГ, в которых была раньше подобная практика, движение не возродилось. И когда Казахстан стал приглашать к себе на республиканские слеты ЮИД зарубежных коллег, движение обрело масштаб. Некоторые страны, к примеру, Таджикистан, только после того, как к нам приехали, возродили это движение. В Кыргызстане уже была эта школа. В общем, в сотрудничестве она поднялась на более высокий уровень.

Соцсети могут стать незаменимым помощником, облегчающим работу правоохранительных органов, уверена подполковник полиции на пенсии. В свое время Ирина открыла на Facebook страницу Комитета административной полиции.

– В пресс-службе было так, что если ты вводишь что-то новое и сразу же сделал об этом пресс-релиз, выступил в СМИ, дал адекватные разъяснения, в том числе в соцсетях, то запросов от журналистов практически не будет, ты уже все рассказал. Но если, например, ты не сделал эту работу, тебя закидают запросами. И для большей открытости мы в свое время для Комитета административной полиции завели аккаунт в Facebook. И

он был действенным, потому что туда, в том числе присылали фотографии нарушителей, мы оформляли на них протоколы. Это была к тому же действенная обратная связь. Можно было написать какой-то вопрос, и тут же в течение десяти минут получить на него ответ, – рассказала она.

Однако с ее уходом аккаунт закрылся.

«ПУТЕШЕСТВИЕ С ОДНОЙ КУПЮРОЙ В КАРМАНЕ»

Сейчас Ирина – организатор авторских туров по миру. Катализатором стала страсть к путешествиям, которая была у нее всегда, и продолжительные отпуска по 45 дней. Ирина делила их на несколько частей и могла 2-3 раза в год отправиться куда-либо. У супруга был всего один отпуск в год, и он не мог так часто выезжать, как она. Зарплата была не очень большая, поэтому и слоганом Ирины стали слова «я путешествую с одной купюрой в кармане».

– Я всегда была гуру бюджетных путешествий. Потому что есть множество лайфхаков, с помощью которых можно лететь с вами в одном и том же самолете, жить в одном и том же хорошем отеле, но я могу заплатить в два раза меньше. Но это тема для отдельного разговора, – экспертно улыбнулась предпринимательница.

Некоторыми лайфхаками она все-таки поделилась. Так, если едешь один, бронируешь номер в отеле, а любой номер рассчитан на два человека. То есть когда ты один, живешь в два раза дороже. Вдвоем вы делите эту стоимость пополам. Если собираешься на экскурсию, гид, к примеру, стоит 200 долларов. Если вдвоем, каждый платит 100 долларов, 10 человек – складываются по 20.

Получалось так, что выгоднее было путешествовать компанией. Ирина просто стала искать попутчиков, с которыми можно поделить стоимость на всех. Тогда она поняла, что ей очень нравится планировать путешествия так, чтобы и другим было приятно.

И когда наступила пандемия,

все были на удаленке, стало больше времени. Ирина скучала по путешествиям, занималась только теоретической деятельностью, разрабатывала маршруты. К тому же она уже два года «пересидела» звание полковника полиции, не давали соответствующую должность. Ирина решила, что пора выходить на пенсию.

– И знаете, наверное, я все сделала правильно. Как раз после пандемии люди соскучились по путешествиям, и именно в это время я открыла свое ИП, закончила курсы гидов, получила лицензию. И стала заниматься путешествиями, делать из этого небольшой бизнес. И все как-то сложилось. Когда я вышла на пенсию, у меня в Instagram было тысяча подписчиков, сейчас – 27 тысяч, – рассказала теперь уже бизнес-вумен.

За два с половиной года Ирина провела сотни туров. У нее есть люди, которые по 6-7 раз с ней путешествовали. География тоже расширилась: с внутренних – Туркестана, Актау – до международных. В начале октября Ирина уехала в африканскую экспедицию, в которой будет четыре страны: ЮАР, Замбия, Зимбабве, Ботсвана. Одновременно отправляет тур на Канары, в Грузию.

– Я всегда ходила на работу в МВД, как на праздник, очень любила ее и гордилась службой в органах. Она тоже была творческая, и я чувствовала отдачу, что приношу пользу родине. А сейчас я счастлива, что реализовала себя и на пенсии. Потому что опять это моя любимая работа, опять я горжусь, что делаю людей хоть чуточку счастливее, – поделилась Ирина.

У сотрудников полиции на сегодняшний день есть достойная зарплата, хорошие социальные льготы и пенсия в 45 лет. В этом возрасте можно реализовать себя в совершенно другой сфере. Поэтому, по мнению Ирины, пенсия – это прекрасная возможность для сотрудников ОВД реализовать свои мечты и планы пока еще есть силы.

Наталья МОСУНОВА,
фото из архива
И. ЛУКЪЯНИНОЙ



ИЗОТЕРАПИЯ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ӘДІСІ

Изотерапия – танымал арт-терапия саласының бірі. Негізгі мақсаты – жазасын өтеп жатқан азаматтардың аса ауыр психологиялық жарақаттарымен күресу және азаматтың қалыпты өмірге қайта оралуына көмек беру. Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесінің №60 мекемесінің психолог мамандары бұл әдісті психологиялық түзету кезінде қолданады.

– Мекемеде жазасын өтеп жатқан азаматтар көбіне депрессия мен алаңдаушылықтан құтылу үшін көмегімізге жүгінеді. Бұл азаматтармен қарым-қатынас кезінде бейнелеу өнеріне қатысты кез келген бояулар, қарындаштар, пластилин, түрлі-түсті қағаз және тағы басқа да қажетті құралдар

ды пайдаланамыз. Адам ішкі жан-дүниесінде болып жатқан жағдайдың барлығын сөзбен жеткізе алмай, бояу арқылы қағаз бетіне түсірген кезде бір жеңілдеу сезімі пайда болады. Осылайша қалыпты өмірге қайта оралу үдерісі жүзеге асады, – деді мекеме психологы Шынар Кульбаева.

Темір тордың арғы жағына тоғытылған азаматтың айтуынша, өмірге деген жаңа көзқарас осы терапия арқылы пайда болған.

– Жас шағымда жалындап, өмірімді түрлі түске бояйтын шағымда жаза басып, қылмыстың өтеуін бас бостандығыммен өтеп жатқан мен үшін өмір

мына киімім секілді сұр түске боялды. Әрі қарай қараңғы тұңғиыққа батып бара жатқанда мекеме мамандары өмірдің жарқын түсі қалай да оралатынына көзімді жеткізді. Бастапқыда қолға қалам алып, түнерген тау-тасты сала бастадым. Уақыт өте келе жарық күнді, жарқырап өскен гүлді, ашық түстермен боялған табиғат пен жүзі күлімдеген отбасымды бейнеледім. Осылайша небір жаман ойлар мені мазалауын азайтты. Өмірге көзқарасым тек қана жақсы ойлардан құрала бастады, – дейді жазасын өтеуші.

Изотерапияның пайда болу тарихына тоқталар болсақ, изотерапия (арт-терапия) үш ғылымның тоғысуынан пайда болған. Олар – психология, психиатрия, өнертану. 1872 жылы жағдайы нашарлаған кезде сурет сала бастаған психикалық науқастарды бақылау кезінде осы әдіс қолданылған. Алайда, жағдайы тұрақталғаннан кейін науқастар бірден сурет салуды тоқтатса керек. Науқастарды емдеу-



ге бағытталған арт-терапия әдісінің негізін қалаушылар ретінде психиатр М.Симон мен сот дәрігері А. Ардьенің есімдері тарихта қалды.

Бұл әдіс тек бояулармен ғана емес, кейбір жағдайда пассивті пішіндер қолдану арқылы да іске асады. Ол сызбалар мен басқа да өнер туындыларын

қолдану арқылы өтеді. Оң нәтижесін бергендіктен, изотерапияны мекеме психологтары жұмыс барысында жиі қолданады.

Адина ҰЗАҚБАЙ,
Қызылорда облысы бойынша
ҚАЖД



Ұрпақ сабақтастығы

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Ұлттық ерекшелігімізді бойына сіңірген, елге үлгі боларлық ұрпақ өсіруге тырысу – бүгінгі күннің басты міндеті. Рухани дамыған ортада тәрбиеленген ұрпақ міндетті түрде мемлекетіміздің дамуына қызмет етеді. Аға буынның тәжірибесін, білімін, ар-намыс, парыз ұғымдарын өскелең ұрпаққа жеткізу, сіңіру алдыңғы буынға міндет. Ұрпақтар арасындағы үйлесімділікті одан әрі нығайтудың жалпы идеологиясы – Қазақстан мемлекеттігін, ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық татулықты, қоғамдық және ұлтаралық келісімді одан әрі дамытуда. Сондықтан мемлекетімізді көпке таныту, Отанымыз үшін, жеріміз бен еліміз үшін аянбай адал қызмет атқару, оны өсіп келе жатқан ұрпақтың қанына сіңіру – ең үлкен азаматтық асыл парызымыз.

Ұрпақтар сабақтастығының өзіндік бір мысалы ретінде баяндалғалы отырған отбасының ер азаматтары елдің ішкі тыныштығы мен бейбітшілігінің қорғаны сапында жүрген Төребековтер әулеті болмақ.

ЕҢБЕК ЕРЛІКKE ЖЕТКІЗЕР

ІІО зейнеткері, отставкадағы полиция майоры Есен Бурашұлы Төребеков 1956 жылы 25 шілдеде Ақтөбе облысы Жұрын қаласында дүниеге келген. Қызмет жолын ішкі істер органдары саласында 1979 жылдан Жол-патрульдік полициясында кіші сержант шенінен бастады. 1991-1997 жылдар аралығында Ақтөбе облысы Алға ауданы Тоқмансай ауылында, 1997-2004 жылдар аралығында Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарақұдық ауылында аға учаскелік полиция қызметкері болып жұмыс атқарды.



Халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, тұрғындардың мұң-мұқтажына құлақ асып, мүддесін қорғайтын учаскелік полиция инспекторларының көтерген жүгі ауыр болатын. Сол уақыттан бері Есен Бурашұлы ауылдағы қоғамдық тәртіпті сақтап, талай қылмыстың жолын кесіп, бірнеше қылмыстық оқиғаларды ізін суытпай ашты.

Кейіпкеріміздің қызметінде орын алған сондай оқиғалардың бірін баяндап өтсек.

Ақтөбе облысының Алға ауданына қарасты Тоқмансай елді мекенінде учаскелік полиция инспекторы болып қызмет етіп жүрген кезінде, далалықта ауылдың малын бағатын шабанның үйіндегі барлық мүлкі ұрланғаны туралы хабар түседі. Ол ұрлық болған жерді қарау барысында ұрылардың үлкен автокөлікпен келгендерін дөңгелек іздерінен байқап (ГАЗ-53 автокөлігінің іздеріне ұқсастады), сол іздермен жүріп отырып, ауылдан 40 км-ден астам жердегі Новоресей ауданына келеді. Осы жерде жұмыс жасап жатқан адамдардан сұрастыру барысында осы ауылдың шетінде қой бағатын малшылардың базасында «ГАЗ-53» және «УАЗ» көлік-

тері бар екенін анықтайды. Аталған малшылардың базасына барғанда аулада «ГАЗ-53» автокөлігі тұрғанын байқайды. Базадан шешен ұлтының 6-7 адамы шығып, учаскелік полиция инспекторының қойған сұрақтарына ештеңе білмейтіндерін және ешқайда бармағанын айтып, айқай-шу шығара бастайды. Ішіндегі әлдебіреуі оны қорқыту мақсатында өзінің Шығыс жекпе-жегінен спорт шебері екенін айтып, қызметтік «УАЗ» автокөлігінің капотын ұрғылап, майыстырып тастайды. Содан кеш түсе бастағанда сол жерге Тоқмансай ауылы директорының шақыртуымен Алға қаласының ІІБ-нен жедел уәкіл келіп, жолда малшылардан Есен Төребековтің артынан сұрау салып келгенін айтады.

Көмекке келген уәкілде де, Е.Төребековте де қызметтік тапанша жоқ, екеуі де қарусыз болып шығады. Десе де олар тексеру жұмыстарын ары қарай жалғастырып, «ГАЗ-53» автокөлігінің бортын қарау барысында монтировка, лом, шеге суырғыштар тауып алады. Үйге кіріп, саусақ іздері алынатыны туралы мәлімдейді. Оны білгесін күдіктілердің ішіндегі жасы үлкені сыртқа шығып, ұрланған заттардың жартысын екеуіне беріп, істі жауып тастағысы келеді. Көндіре алмаған соң тергеу барысында ұрланған заттарды қай жерге тыққандарын мойындайды. Күдіктілер ұрланған заттардың ауылдың шетінде 2-3 км жерде екенін айтады.

Қас қарайып, кеш батады. Күдіктілермен бірге жасырынған заттарды іздеп, автокөлікпен 50 км жерде орналасқан Октябрь ауданына ат басын тірейді. Содан автокөлікті тоқтатып, заттардың қайда екенін анықтауға кіріседі. Нәтижесінде күдіктілер қамыстың арасына жасырған киіз бен кілемдерге оралған магнитофон, мыл-

тық, ыдыс-аяқтар және тағы басқа ұрланған заттарды көрсетеді. Табылған заттарды «ГАЗ-53» көлігіне тиеп, малының үйіне (иесіне) апарып береді.

Қызметтік міндеттерін мұқият орындап, заңдылық және құқықтық тәртіпті қамтамасыз еткені үшін Е.Төребеков сан мәрте аудандық ІІБ, облыстық ІІД, ІІМ басшылығының төсбелгілерімен (оның ішінде «Еңбек сіңірген учаскелік полиция инспекторы») және алғысхаттарымен марапатталды.

Есен Бурашұлы аға учаскелік полиция инспекторы лауазымында жүріп, полиция майоры шенінде 2004 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.



ӘКЕ ЖОЛЫ – МҰРАТЫМ

Есен Бурашұлы жұбайы Сәуле апаймен бірге бес баланы тәрбиелеп, өсірді. Ұлдың үлкені – Ерболат Есенұлы. Жастайынан әкесінің қызығы мен қиындығы қатар өрілген қызметіне қызыққан Ерболат құқық қорғау саласында қызмет етуді жөн көреді. Болашағын құқық қорғау саласымен байланыстыруды қалаған ол 2000-2004 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік заң академиясында білім алып, құқықтану мамандығын меңгереді. 2005 жылы Ақтөбеде алғашқы даярлық курсы аяқтады. ІІО-дағы қызметін полиция лейтенанты шенінде Қазақстан Республикасы ІІМ Ақтөбе заң колледжінің күндізгі оқу факультетінің оқытушы-әдіскері лауазымынан бастады. Е. Төребеков өзін жоғары білікті кәсіби маман ретінде танытып, оқу орнының әртүрлі бөлімдерінде қызмет атқарды. Атап айтар болсақ, курс буыны бастығының орынбасары, күндізгі оқу факультетінің аға оқытушы-әдіскері, білім сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімінің бастығы қызмет-

терін атқарды. Қазіргі таңда полиция подполковнигі шенінде арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының доценті. Ерболат та Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының, Қазақстан Республикасы ІІМ басшылығының төсбелгілерімен, алғысхаттарымен марапатталды.

Ұлдың ортаншысы Бекболат Есенұлы да әке жолын жалғастырып, әрі ағасы Ерболатты үлгі тұтып, құқық қорғау саласына баруды ұйғарады. Осы саланың қыр-сырын меңгеруге бел буып, білімін шыңдады. 2005-2009 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік заң университетінде құқықтану мамандығына оқып, өзінің Отан алдындағы әскери борышын атқарады. 2011 жылы Ақтөбе заң колледжінің алғашқы даярлық курсы аяқтап, еңбек жолын полиция лейтенанты шенінде Ақтөбе қалалық Елек Полиция бөлімінде анықтаушы қызметінен бастады. Қазіргі таңда қызметін Ақтөбе қаласындағы №30238 Әскери бөлімінде жалғастырып жатыр.

ҰЯДА НЕ КӨРСЕ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕР


«Әке көрген оқ жонар» демекші, атадан балаға мирас болып қалатын белгілі бір кәсіп секілді, Төребековтер отбасындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан әкенің жолы балаларына үлгі, бағдар болды. Әскери әулетке айналған ұрпақ жалғастығы идеологиялық тәрбие тұрғысынан өнеге мектебіне айналды.

Заманына қарай түрленіп отыратын ұрпақтың мүмкіншілігі мол, бұрынғы ұрпақпен салыстырғанда, олардың саяси прогреске қосатын үлесі зор. Ол адамдар арасындағы өркендеп, өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отырады. Жалпы, қоғамдық қатынастар саяси дамудың әрбір жаңа сатысында сақталып қана қалмай, өзгеріп, жаңара береді. Олай болса, ұрпақтар сабақтастығы арқылы қайта жаңғыру жүзеге асады.

Жанат НҰРМҰХАМБЕТОВА,
Ақтөбе облысы

Мастера в робах

В Усть-Каменогорске на площадке Учреждения №16 КУИС МВД прошла специализированная выставка продукции, произведенной осужденными.



Более 10 индивидуальных предпринимателей и товарищества с ограниченной ответственностью, действующие на территории колонии максимальной безопасности, наглядно показали изготавливаемую продукцию и широкий спектр услуг.

В мероприятии приняли участие заместитель акима города Арман Исакаов, представители органов прокуратуры и предприятий области.

– В колониях права осужденных на труд реализуются полноценно. Каждый из них имеет возможность зарабатывать и погашать иски, а также финансово помогать своей семье, – отметил представитель Уполномоченного органа по правам человека по ВКО Серик Мизанбеков.

Наряду с этим участники обозначили проблемы и пути их решения. Одна из основных – реализация изготавливаемых товаров и услуг.

– На базе колонии особого режима на сегодняшний день производят деревянные, металлические, железобетонные изделия. Также функционирует станция технического обслуживания, где качественно производят малярные работы для автотранспорта. В производственных цехах исправительной колонии – швейном, дерево- и металлообрабатывающем и других – налажен выпуск более 100 наименований продукции. Трудоустроены более 62 процентов осужденных, – расска-

зал заместитель начальника ДУИС по ВКО полковник юстиции Максат Сейтахметов.

К слову, резные шкатулки, шахматы, нарды, картины и другие предметы, созданные руками осужденных, жители ВКО смогли увидеть и приобрести на выставке-конкурсе местных товаропроизводителей, прошедшей в Усть-Каменогорске. Здесь же можно было найти мебель для дома и сада, кованые мангалы, сувенирную продукцию, посуду в национальном стиле и другие полезные вещи.

Большой интерес у населения вызывают товары народного потребления (черенки, лопаты), инструменты, специализированная одежда.

– Производство у нас немаленькое, ассортимент продукции широкий. Мы работаем со строительными, бюджетными организациями, с одним из градообразующих предприятий. Выполняем малые архитектурные работы (лавочки) и поддоны, для строителей делаем поручни. В планах – увеличение продаж, – признаются владельцы ИП.


Айгерим НУРГАЗИНА,
ВКО



Сақшының
суреттері



Нұрсәуле ДОСКАРИНА,
Алматы қаласы Полиция департаменті,
Жылдам қимылдайтын
арнайы жасақ қызметінің
инспекторы



Басылым 21.12.2009 жылы Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №10548-Ж куәлігі берілді.
1997 жылдың шілдесінен бері шығып келеді.
Айына бір рет шығады.

Издание зарегистрировано Министерством культуры и информации
Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство №10548-Ж от 21.12.2009 г.
Издается с июля 1997 года. Выходит ежемесячно.

